



## АҚОРДА

# ӨҢІРЛІК ҚАУІПСІЗДІК – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Қытай» форматындағы салалық ведомстволардың екінші кездесуіне қатысу үшін Астанаға келген Қытай Халық Республикасының Қоғамдық қауіпсіздік министрі Ван Сяохунды, Қырғыз Республикасының Ішкі істер министрі Ұлан Ниязбековті, Тәжікстан Республикасының Ішкі істер министрі Рамазон Рахимзоданы, Түрікменстанның Ішкі істер министрі Мұхаммет Хыдыровты және Өзбекстан Республикасының Ішкі істер министрі Азиз Ташпулатовты қабылдады.

Кездесу барысында өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, трансұлттық қылмыс пен есірткінің заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл, киберқауіпсіздік, экстремизммен және басқа да қазіргі сын-қатерлермен күрес мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдері мен Қытайдың құқық қорғау органдары арасындағы ықпалдастықты арттыру өңірде тұрақтылықты және қауіпсіздікті сақтауда маңызды екенін атап өтті.

– Ұйымдасқан трансұлттық қылмыс тамыр жайып, аясын кеңейте түсті. Киберқылмыс табысы жоғары жаһандық индустрияға айналды. Бұл адамдарды миллиардтаған доллар шығынға ұшыратады. Цифрлық жүйені қылмыстық топтар өз қызметтерін үйлестіруге, табыстарын жылытатуға, ешбір мемлекеттің шекарасына қарамайтын шабуыл жасауға жиі қолданады. Маңызды көлік және сауда бағыттары түйсетін Орталық Азия аймағына трансұлттық қылмыстық желінің қызығушылығы жоғары. Осы орайда ұйымдасқан трансұлттық қылмысқа, есірткінің заңсыз айналымына және адам саудасына қарсы тұру мәселесі өзекті болып отыр. Күш-жігер біріктіру, ақпарат алмасу, институционалдық ықпалдастықты нығайту және заманауи технологияларды енгізу арқылы ғана бұл сын-қатерлерге қарсы тұра алатынымызға сенімдімін. Қазақстан қауіпсіздік саласындағы өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты терендетуді дәйекті түрде қолдайды. Біз азаматтарымызды қорғау мен елдерімізді орнықты дамыту

бағытындағы ашық диалогқа, үздік тәжірибелерді алмасуға және бірлесіп шешім қабылдауға дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, қылмыстық элементтердің өңірдегі ішкі тұрақтылықты бұзуына жол беруге болмайды. Бұл орайда жүйелі әрі батыл әрекеттер қажет.

– Қазақстан заң үстемдігін қамтамасыз етуді құқық қорғау қызметі ғана емес, мемлекеттік саясаттың стратегиялық басым бағыты ретінде қарастырады. Біз «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын дәйекті түрде нығайтып келеміз. Аталған қағидат жана Конституциямызда елімізді одан әрі жаңғыртудың басты алғышарттарының бірі ретінде көрініс тапты. Маңызды міндеттердің бірі – ұйымдасқан трансұлттық қылмыстық топтардың қаржы ағынына тосқауыл қою. Экстремизм идеяларының таралуын, ланкестік топтардың адамдарды интернет арқылы арбауын белсенді түрде әшкерелеп, террорлық актілерге астыртын әзірлік әрекеттерін алдын ала анықтаған жөн. Айтылған қатерлердің бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Оған тек жан-жақты, кешенді түрде күш-жігер біріктіре отырып төтеп бере аламыз. «Орталық Азия – Қытай» форматы елдеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде өзара үйлесімді, нақты шешімдердің үлгісі болатынына сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық және экономикалық ынтымақтастықтың онлайн кеңістікке ойысуы киберқауіпсіз-



дік мәселесін мүлдем жана деңгейге көтерді деп санайды.

– Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыс ешқандай шекараға бағынбайды. Азаматтарымызға, бизнеске және мемлекеттік органдарға зардабын тигізіп отыр. Гибридті және ақпараттық технологиялар жалған мәлімет, яғни, «фейк» тарату құралы ретінде қолданылады. Өшпенділік өртеніп, алауыздық туғызады. Деструктивті элементтердің қолындағы жасанды интеллект ауыр салдарға әкеліп соғатын өте жойқын ақпараттық қаруға айналды. Заң талаптарына қайшы контент толассыз көбейіп жатыр. Осыған байланысты қазіргі ықпалдастық тетіктерін жүйелі түрде жетілдіріп, киберқауіпсіздікке қарсы проактивті іс-қимылға көшу керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы өңір елдерінің экономикалық ынтымақтастығын нығайту мен дамыту, бірлескен инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру қауіпсіздік мәселесімен тығыз байланысты екенін айтты.

– Транскаспий халықаралық көлік бағыты еуразиялық логистиканың стратегиялық элементіне айналып келеді. Жаһандық сауда тізбегінің трансформациясына және геосаяси қысымның күшеюіне сәйкес оның маңызы еселеп артты. Сонымен қатар жүк тасымалын ұлғайтудың белгілі бір қауіп-қатерлері бар. Әңгіме трансұлттық қылмыс, соның ішінде контрабанда, есірткі, қару-жарақ тасымалы туралы болып отыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өңірлік қауіпсіздіктің тиімді жүйесін құру үшін «Орталық Азия – Қытай» форматының әлеуетін пайдалану қажеттігін жеткізді.

– Менің ойымша, ішкі істер министрліктері бір-бірімен ынтымақтастықты күшейтіп, қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп мәселелеріне қатысты ақпараттармен бөлісуге тиіс. Бұл халықтарымыздың арман-тілегіне толығымен сай келеді. Жұртшылық мемлекеттер басшыларынан өз елдерін тәртіпке келтіріп, қалыпты әрі қауіпсіз өмірге қолайлы жағдай жасау үшін аса шұғыл, тиімді ше-

шімдер қабылдауды талап етіп отыр. Балаларымыз, жалпы халық ел басшыларының, ішкі істер министрлері мен басқа да ведомство жетекшілерінің заңға сәйкес қоғамдық тәртіпті сақтау шараларын қабылдап жатқандарына көздері жетіп, өздерін қауіпсіз сезінуі қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Қытай Халық Республикасымен және Орталық Азия мемлекеттерімен өзара сенім, тату көршілік, ортақ жауапкершілік негізіндегі ынтымақтастықты ілгерілетуге ерекше мән беретінін жеткізді.

Кездесуге қатысушылар өзара байланыстарды жолға қоюға, жедел ақпарат алмасуға, кәсіби қарым-қатынастарды дамытуға және құқық қорғау органдарының қызметіне заманауи технологияларды енгізуге ниетті екендерін растады.

Президент аталған жиынның Орталық Азия мен Қытай аумағындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша серіктестік пен ықпалдастыққа тын серпін беретініне сенім білдірді.



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ASTANA LRT ЖҮЙЕСІН ІСКЕ ҚОСТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы қоғамдық көлікке, соның ішінде LRT жүйесіне мониторинг жүргізіп, жұмысын реттейтін Бірыңғай диспетчерлік орталықтың қызметімен танысты.

Астана әкімі Жеңіс Қасымбектің айтуынша, LRT жүйесін іске қосу аясында жеңіл рельсті көліктің арнаулы диспетчерлік қызметі жасақталған. Қаладағы қоғамдық көлікке мониторинг жүргізу және оның қызметін реттеумен 21 маман айналысады.

Мемлекет басшысы жеңіл рельсті көліктің пайдалануға берілуі Астана мен еліміз үшін ерекше маңызды оқиға екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев елорда келешекте Еуразияның көлік хабына айналуға тиіс екенін айтты. Сондай-ақ жобаны табысты жүзеге асырған қытайлық компания тарапына ризашылық білдірді. Мемлекет басшысы LRT құрылысын жүргізіп жатқан қытайлық компания өкілдері мен CTS Transportation, Astana LRT жұмысшыларына сәттілік тілеп, жобаны одан әрі жалғастыруды тапсырды.

Содан кейін Президент Astana LRT жұмысын іске қосты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 001 сериялы карта берілді. Мемлекет басшысы LRT жүйесінің алғашқы жолаушысы ретінде «Әуежай» станциясынан «Ұлттық музей» станциясына дейін жүрді.

LRT жүйесінің әр құрамы 600-ден астам жолаушы тасымалдауға арналған. Ұзындығы 22,4 шақырым болатын желі арқылы 15 құрам жүргізушісіз жүреді (4 құрам резервте). Басқару, жылдамдықты арттыру және тежеу, есікті ашу үдерістері, сондай-ақ төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер толығымен автоматтандырылған. Қосымша бақылау үшін колмен басқару және диспетчермен байланысқа шығу мүмкіндігі қарастырылған.

LRT инфрақұрылымында 18 станция мен заманауи депо бар. Бағыт бойынша жолдың ұзақтығы шамамен 40 минутты құрайды. Құрамдар сағатына 50-60 шақырым орташа жылдамдықпен 5-6 минут сайын жүреді.

Қоғамдық көлікті одан әрі дамыту мақсатында LRT жобасының екінші кезегі іске асырыла бастады. Атап айтқанда, «Астана-1» вокзалы, «Жағалау» шағынауданы, Қосшы қаласы бағыты бойынша жана желінің құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. 20 станциядан тұратын екінші кезеңнің жалпы ұзындығы 26,5 шақырымды құрайды.

## ӨКІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ




Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қожанов Қазақстан Республикасы Парламент Палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы Өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысы 2026 жылғы 20 мамырда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған Өкім мәтінінде.

## ТҮРКІСТАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫҢ ЖАҢА АЛАҢЫ

Мемлекет басшысы «Түркістан – атажұртымыздың мызғымас темір-қазығы» деп атап, көне шаһардың түбі бір түркі жұртын ұйыстыратын қасиетті қара шаңырақ екенін айрықша айтты. Президенттің бұл пайымы бүгінгі геосаяси жағдайда ерекше мәнге ие.



19 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

# КЕҢЕС БАРДА КЕЛІСІМ БАР

Азаматтық қоғамы енжар елдің заман талабына сай дамуы қиын. Мемлекет тірегі аста-төк қазба байлық емес, әділетті саяси өкілетті екенін қазір бәрі түсінеді. Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан Халық кеңесі туралы» заң жобасы мақұлданды.

Тәуелсіздік тарихына көз жүгіртсек, билік пен халық арасындағы диалогтың сан түрлі моделін бастан кешіппіз. 1991-1995 жылдары Жоғарғы кеңестің дәуірінен бастап Ата заң бойынша Қазақстан суперпрезиденттік басқару үлгісіне көшіп, қос палаталық Парламент қалыптасты. Саяси шешімдер қабылдау құзіреті толығымен бір қолға шоғырланды, мемлекеттің қадағалаушы рөлі күшейді. 2002 жылы құрылған Тұрақты кеңес, 2004 жылы құрылған Ұлттық кеңес, 2006 жылы құрылған Мемлекеттік комиссия сияқты институттардың демократиядан гөрі декорациялық сипаты басым болатын. Қаржылық негізі де, жүйелі жұмыс кестесі де жоқ бұл органдарды сол кездегі билік халықаралық қысымды жұмсарту үшін, қоғамдық пікірдің бетін бері қарту үшін пайдаланды. Лепірген, көпірген жиналыстар өтетін, сала құлаш құжаттарға қол қойылатын, бірақ жұпыны жұрттың шынайы мұн-мұқтажы онша ескеріле бермейтін. Тек 2019 жылдан бастап сен қозғалды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы жарияланып, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі құрылды. Қоғамдық кеңес бұрынғы органдар секілді жалаң декларация жазумен шектелмей, нақты заңдардың қабылдануына ұйытқы болды. Кейін бұл үрдіс жоғары деңгейде Ұлттық құрылтайға ұласты. Хандар орда тіккен Ұлытау, Түркістан, Сарайшық,



Бурабай жерінде ұйымдастырылған Ұлттық құрылтайлар да белгілі дәрежеде өз миссиясын түгел атқарды. Сыр өңірінде өткен соңғы жылында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев енді реформалардың жаңа кезеңі ретінде ҚХА мен Ұлттық құрылтайдың орнына Халық кеңесі деген жаңа орган құрылатынын мәлімдеді.

Бұл орган — уақытша көз алдауға арналған нақандық алаң емес, конституциялық мәртебесі бар, республикалық бюджеттен тікелей қаржыландырылатын жүйелі институт. Басқалардан басты айырмашылығы да, артықшылығы да осында. Халық кеңесінің құрамына 126 адам кіреді. Оның 42-сі этномәдени бірлестіктерден, 42-сі жергілікті мәслихаттардан, 42-сі азаматтық сектордан жасакталады. Кеңес мүшелері мен төрағасы төрт жыл сайын ауысып отырады. Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевтың сөзінше, Халық кеңесі ішкі саясат мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу, заңнамалық бастама жасау құқығы арқылы заң шығару процесіне қатысады, референдум өткізу жөнінде бастама көтеру, қоғамдық талқылаулар мен диалог алаңдарын ұйымдастыру, қоғамдық бақылауға қатысу өкілеттігіне ие болады. Мұндай тәсіл әртүрлі елдегі көзқарастарды ескеруге септігін тигізбек.

Халық кеңесінің мәртебесі жана Конституцияда анық көрсетілген. Мысалы, Ата заңның 70-бабында Кеңестің мән-мазмұны айтылса, 71-бапта «Халық ке-



**Халық кеңесінің мәртебесі жаңа Конституцияда анық көрсетілген. Мысалы, Ата заңның 70-бабында Кеңестің мән-мазмұны айтылса, 71-бапта «Халық кеңесі Құрылтайға заң жобаларын енгізе алады» деп нақты жазылған. 60-шы және 92-баптарда Халық кеңесінің заң шығаруға бастама жасау құқығы айқындалған.**

сі Құрылтайға заң жобаларын енгізе алады» деп нақты жазылған. 60-шы және 92-баптарда Халық кеңесінің заң шығаруға бастама жасау құқығы айқындалған. Ал Парламент мақұлдаған заң жобасында кеңес төрағасы қызметіне бір адамның екі реттен артық сайлануына тыйым салынған. Бұл да демократиялық үрдістердің үздіксіз жүруіне жол ашатын норма болмақ.

Дегенмен ел ішінде бұл реформаға сын көзбен қарайтындар да жетіп артылады. Ондай пікірлердің дені «халық сайлаған Парламент барда қосымша орган құру неге керек?» дегенге саяды. Расында да, Парламенттің негізгі мәні заң шығаруда емес, тұрғындар атынан өкілдік етуде. Шенеуніктер атқарушы билік болса, депутаттар — өкілді билік. Оған жер-жердегі мәслихаттарды қоссақ, бір-бірінің жұмысын қайталайтын институттарды қаптаптып қажеті қанша деген сауалдың түбі тереңдей түседі. Парламент өз функциясын дұрыстап орындай алмай

отыр ма деген заңды сұрақ та туады. Аты айтып тұрғандай, консультативтік орган өз шешімін мемлекеттік орындарға міндеттеуге құқылы емес. Сонда Халық кеңесінің практикалық пайдасы, саяси-экономикалық салмағы қандай? Шама-шарқымызша жауап іздеп көрейік.

Ең алдымен, Парламент пен Халық кеңесіне биліктің екі тармағы демеуі, бір-бірін толықтыратын құрал деп қарауымыз керек. Былайша айтқанда, Парламент стратегиялық деңгейде жұмыс істесе, Халық кеңесі тактикалық деңгейде жұмыс істейді. Парламент бүкіл мемлекетке ортақ заңдарды қабылдайды, кодекстерді бекітеді. Астанадағы депутат алыс ауылдардағы жол сапасын, аймақтағы бір емхананың кешілігін байқап бермеуі мүмкін. Ал Халық кеңесі күнделікті тұрмыстық, коммуналдық, әлеуметтік мәселелерді билікке құлаққағыс қылады. Себебі жылына бір-ақ рет жиналатын Кеңес мүшелері негізінен әр өңірде өмір сүріп, қайнаған тіршіліктің жуан орта-

сында жүреді. Олар заңды жазбаса да, сол заңдардың қалай орындалып жатқанын көріп отырады.

Бұдан былай депутаттар Парламентке партиялық тізіммен барады. Қанша жерден халық қалаулы десек те, мандат иелері өз партиясының бағдарламасына, фракциясының ішкі тәртібіне бағынады. Көп жағдайда саяси конъюктуралдан аса алмайды. Халық кеңесінде ешқандай партиялық шектеу жоқ. Бұл — саясаттан тыс, нағыз азаматтық бақылау алаңы.

Парламентте бір заң жобасы айлап-жылдап талқылануы мүмкін. Өз кезегінде Халық кеңесі кез келген дағдарысқа жедел реакция білдіре алады. Кеңес мүшелеріне заң шығару барысына қарайлаудың қажеті жоқ, олар бүгін-ақ жиналып, ертең әкімдіктен есеп сұрауға қауқарлы. Бір ғана мысал: 2022 жылдан бері Ұлттық құрылтайдың мүшелерінің түркі болуымен 26 заң шығыпты. Халық кеңесінің құзыреті онымен салыстырғанда кеңейгенін ескерсек, жаңағыдай күдіктерге орын қалмайды деп ойлаймыз.

Әлемдік тәжірибеде консультативтік органдардың демократияны дамытудағы «жұмсақ күші» (soft power) өте жоғары екені дәлелденген. Мәселен, Қытайда — Қытай Халықтық саяси консультативтік кеңесі, Нидерландта — Мемлекеттік кеңес (Raad van State), Францияда — Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық кеңес, Германияда — Экономикалық сарапшылар кеңесі, Сауд Арабиясында — Консультативтік кеңес (Шура) бар. АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Оңтүстік Корея, Мексикада бір емес, бірнеше консультативтік кеңестер құрылған. Бразилияда қала тұрғындары мен аймақтық кеңестер жиналып, жол жөндеу, мектеп салу немесе су құбырын тарту тәрізді мәселелерді дауысқа салады. Қала бюджетінің белгілі 20-30 пайызы осы кеңестердің келісімімен ғана бөлінеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл жобаны үздік үлгі деп мойындаған, қайбір жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасын біз де өз тәжірибемізде қолданып көргенбіз.

Яғни, кеңестің сөзі өтімді болу үшін оның қолына қаржылық тетіктер берілуі керек. Осы орайда Қазақстан Халық кеңесі республикалық бюджеттен қаржыландырылады. Саяси қисынға келсе, мұны да дұрыс бағыт деуге болады. Өйткені әкімдіктің қалтасына телмірген кеңес ешқашан әкімді сыйнай алмайды. Орталықтан ақша алатын сенес жергілікті элитаның ығына жығылмай, тұрғындардың түйткілін Астанаға төте жолмен жеткізуге мүмкіндік алады.

Айдар ДӘУТҰЛЫ



## ЭКОСАЯБАҚ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ



Қарағанды қаласында құрылыс қарқын алып, жаңа тұрғын үй, зәулім сарайлар салынууда. Сонымен қатар халық демалатын орындардың саны артуда. Қарағандыда қаланың ең ірі жасыл аймақтарының біріне айналатын жаңа экосаябақ салына бастады.

**Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**  
Қарағанды облысы

Жана саябақ Майқұдық пен Оңтүстік-Шығыс шағынаудандарының арасында орналасады. Экосаябаққа 200 гектар жер бөлінген. Жобаның бастамасы ретінде ағаш егу жұмыстары қолға алынды. «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында мың түп ағаш — емен, алма, қарағай және қарағаш көшеттері егіліп, болашақ саябақтың іргетасына символикалық тас қойылды.

Ауқымды іс-шараға жастар, еріктілер, қоғам белсенділері мен депутаттар қатысты.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мұндай жобалардың қала тұрғындарының өмір сапасына тікелей әсер ететінін атап өтті.

— Біз Қарағандыда жаңа экосаябақ ашып жатырмыз. Бұл — өте жақсы бастама. Аумағы кең, маңайда жаңа шағынаудан мен спорттық кластер салынып жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев табиғатқа ұқыпты қарау әр тұрғынның күнделікті мәдениетінің бір бөлігіне айналуы

тиіс екенін бірнеше рет айтқан болатын. Бүгінде бұл қағидалар ел бойынша мыңдаған адамды біріктірген «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып келеді. Экосаябақ — енді жай ғана демалыс орны емес, экология мен адамдардың өмір сапасына әсер ететін заманауи қалалық ортаның бір бөлігі. Әрбір жаңа ағаш — таза ауа мен Қарағандының болашағына қосылған үлес. Жайлы әрі таза қала әр адамның өз ауласына, көшесіне және қоршаған ортаға деген ілтипатынан басталады. Тұрғындар мен бизнесті көгалдандыру жұмыстарына белсенді қатысуға шақырамын, — деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Қарағанды тұрғыны Магомед Зауров бала кезінен болашақ экосаябақ аумағындағы көлдердің маңында уақыт өткізгенін айтты.

Тұрғындар мен бизнесті көгалдандыру жұмыстарына белсенді қатысуға шақырамын. Мен үшін

Қарағанды — Қазақстандағы ең үздік қала. Біз осы жерде шоғылып, балық аулайтынбыз. Енді бұл жер бұрынғыдан да көркейіп, егілген барлық ағаш тамыр жайып, қала тұрғындары мен қонақтарын қуантса екен деймін, — деді ол.

Ерікті Жанарай Санақбайдың айтуынша, жастар экологиялық бастамаларды белсенді қолдайды.

— Мен жеті жылдан бері волонтерлікпен айналысып келемін. Біз экологиялық акциялар мен ағаш егу шараларына үнемі қатысамыз. Осындай саябақтың ашылуы — қаланың болашағы мен жастар үшін тамаша идея, — деді ол.

Экосаябақ құрылысы Қарағандының жаңа ауданын дамыту жобасының бір бөлігіне айналады. Қазірдің өзінде Оңтүстік-Шығыс пен Майқұдықты байланыстыратын арналы жол салынып жатыр.

Алдағы уақытта мұнда серуендеуге арналған аллеялар, спорт алаңдары, веложолдар және барлық жастағы тұрғындарға арналған демалыс аймақтары пайда болады.

Саябақ аумағында коммерциялық нысандар салу жоспарланбаған. Оны серуендеуге, отбасылық демалысқа және таза ауада спортпен айналысуға арналған орын ретінде сақтау көзделіп отыр.

Сонымен қатар бұл аумақта көлемі 72 гектар болатын ірі спорттық кластер құру жоспарланған.

Жоба аясында әмбебап арена, Муз сарайы, жеңіл атлетика манежі, 12 мың көрерменге арналған UEFA санатындағы стадион салынып, Футбол академиясының құрылысы басталып кетті.

Айта кету керек, былтыр Майқұдық пен Оңтүстік-Шығыс шағынаудандарын байланыстыратын заманауи талаптарға сай магистраль салынған болатын. Жергілікті тұрғындар мен белсенділер жол құрылысының сапасына жоғары баға беріп, «жол Еуропадағыдай әдемі» деп ризашылықтарын білдірді.

Жаңа жолдың жалпы ұзындығы 5,9 шақырымды құрайды. Ол Мұқанов пен Тәттімбет көшелерінің қиылысында басталып, Көгілдір тоғандар ауданындағы Шығыс айналма трассасына дейін созылады.

Бұл жоба қаланың орталық көшелеріндегі көлік жүктемесін азайтып, қозғалыс уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.



# БАСПАНАНЫ ТИІМДІ БАСҚАРУУ ТЕТІГІ



Солтүстік Қазақстан облысында көпқабатты тұрғын үйлердің тек үштен бірі басқарудың жаңа форматына өткен. Бұл ретте МИБ пен ПИК төрағалары шамадан тыс жүктемеге, кадр тапшылығына және жұмыс барысында туындайтын түрлі қиындыққа тап болып отыр. Бұл мәселелер TURGYNDAR AMANATY партиялық жобасы аясында өткен өңірлік форумда талқыланды.

Іс-шараға Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, «AMANAT» партиясының Хатшысы

Александр Данилов, депутаттар, мемлекеттік органдардың, коммуналдық қызметтердің өкілдері және тұрғын үй-

коммуналдық шаруашылығы саласының сарапшылары қатысты.

Бүгінде өңірде 1 920 көпқабатты тұрғын үй бар. Оның ішінде 502 МИБ және 198 ПИК тіркелген. Күрделі жөндеу және абаттандыру бағдарламалары жүзеге асырылып жатқанына қарамастан, салада жүйелі мәселелер де бар. Атап айтқанда, тұрғын үй қорының тозуы, білікті мамандардың жетіспеушілігі және күрделі жөндеуге арналған жинақ көлемінің төмендігі өзекті болып отыр.

Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетовтың айтуынша, тұрғын үйлерді тиімді басқару үшін қаржының ашықтығын, тұрғындардың белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, цифрлық шешімдерді енгізу қажет.

«Тұрғын үй реформасы – бірреттік науқан емес. Бұл – адамдармен, тұрғын үйлермен және заңнамамен күн сайын жүргізілетін жүйелі жұмыс. Мемлекет – қолайлы жағдай жасауы керек, бизнес – тиімді шешімдер ұсынуға тиіс, ал меншік иелері – өз мүлкіне жауапкершілікпен қарауы қажет. Нақты нәтижеге тек осы үш тараптың өзара үйлесімді іс-қимылы арқылы ғана қол жеткізуге болады. Солтүстік Қазақстан облысы көп-пәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесі ашық, кәсіби және әр тұрғынға түсінікті болатын өңірге айналуы мақсат етеді. Бүгінгі форум – осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі», – деді өңір басшысы.

«AMANAT» партиясының Хатшысы Александр Данилов ТКШ реформасы азаматтардың тұрмыс жағдайына тікелей әсер ететінін атап өтті.

– МИБ пен ПИК төрағалары күн сайын тұрғындармен тікелей жұмыс істеп, олардың мәселелерін нақты біледі. Сондықтан партия бұл бағыттағы жұмысты күшейтуді, атап айтқанда, оқыту бағдарламаларын ұйымдастыруды, қалалық кеңестер құруды және әкімдіктермен өзара іс-қимылды кеңейтуді жоспарлап отыр. Біздің басты міндетіміз – тұрғын

үйлерді басқару жүйесін кәсіби, ашық және тиімді ету, – деді Александр Данилов.

Форумға қатысушылар ТКШ саласын цифрландыру, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының аясын кеңейту, OSI-SKILLS оқыту семинарларын іске қосу, сондай-ақ заңнаманы жетілдіру мәселелерін талқылады.

Кездесу қорытындысы бойынша бірқатар ПИК төрағасы «AMANAT» партиясының қатарына қосылды. Саланың үздік мамандары алғысхатпен және құрмет грамотасымен марапатталды.



## TURGYNDAR AMANATY ФОРУМЫ ӨТТІ

Кейінгі жылдары елімізде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы қордаланған мәселелер қоғам талқысының өзегіне айналып отыр. Әсіресе, көпқабатты тұрғын үйлерді басқару жүйесіндегі ашықтықтың жеткіліксіздігі, тұрғындар мен басқарушы ұйымдар арасындағы сенім мәселесі, ортақ мүлікке жауапкершілік мәдениетінің әлсіздігі халықты алаңдататын негізгі түйткілдердің біріне айналды. Осыған байланысты «AMANAT» партиясы ел аумағында тұрғындарды толғандырған мәселелерді басты назарға ала отырып, жүйелі әрі нақты шешім әзірлеуге бағытталған форум-семинар өткізуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды басқарудың жаңа моделін қалыптастыру міндетін қойды. Осы тапсырма аясында «AMANAT» партиясы тұрғын үйлерді тиімді басқару жүйесін қалыптастыруға, тұрғындар мен басқарушы ұйымдар арасындағы өзара сенімді нығайтуға және саладағы ашықтықты арттыруға бағытталған TURGYNDAR AMANATY жобасын іске асыруда. Аталған жоба аясында Шымкент қаласында «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» атты форум-семинар өтті.

Форум жұмысына Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков, «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев, Парламент Мәжілісінің депутаты, партия фракциясының мүшесі Болатбек Назметдинұлы, қалалық мәслихат депутаттары, жергілікті мемлекеттік органдар өкілдері, салалық сарапшылар, сондай-ақ мүлік иелері бірлестіктері мен пәтер иелері кооперативтерінің төрағалары қатысты.

Жиынды ашқан қала басшысы Ғабит Сыздықбеков форумның негізгі мақсаты тұрғын үй қорын басқару жүйесіндегі өзекті мәселелерді ашық талқылап, оны жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу және алдағы бірлескен жұмыстың басым бағыттарын айқындау екенін атап өтті.

– Бүгінде қалада азаматтарды алаңдататын отырған мәселелерді шешуге бағытталған тұрғын үй реформасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылууда. Соның бірі – мүлік иелері бірлестігі мен тікелей бірлескен басқару тетіктерін жетілдіру. Бұл қадам тұрғындардың өз үйіне деген жауапкершілігін арттырып, тиімді басқару мәдениетін қалыптастыруға негіз болады. Мұндағы басты мақсат – әрбір тұрғын үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру, – деді ол.



Сондай-ақ ол тұрғын үй қорын жаңғыртуға бағытталған реновация бағдарламасы әзірленіп, инвесторларды тарту жұмыстары басталғанын мәлімдеді. Бұл бастама аясында қаладағы апатты үйлердің орнына заманауи тұрғын үй кешендерін салу жоспарланып отырғанын жеткізді.

Жиын барысында сөз сөйлеген «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев TURGYNDAR AMANATY жобасының мән-маңызына тоқталып, оның аясында жүзеге асырылатын нақты бастамаларды атап өтті.

– Елімізде Президент тапсырмасына сәйкес, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында қоғам үшін стратегиялық маңызға ие реформалар жүйелі жүзеге асырылууда. Себебі бүгінде азаматтарды толғандырып отырған көптеген мәселе дәл осы салаға қатысты. Аула тазалығы, лифт жұмысы, жарықтандыру, қауіпсіздік, интернет сапасы, тұрғын үйлердің жай-күйі – мұның барлығы халықтың жайлы өмір сүруіне тікелей әсер ететін факторлар. Бұл саладағы мәселелерді кейінге қалдыруға

болмайды. Сондықтан партия азаматтардың сұранысы негізінде нақты жұмыс істейтін TURGYNDAR AMANATY жобасын қолға алды, – деді партия Хатшысы.

Сондай-ақ Ержан Жылқыбаевтың мәлімдеуінше, партияның мәслихат депутаттары тұрғындармен тұрақты кездесулер өткізіп, көтерілген мәселелерді жергілікті атқарушы органдар деңгейінде шешуге ықпал етпек. Бұдан бөлек, партия филиалы мен тұрғын үйлерді басқарушы ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту үшін арнайы меморандум әзірленеді.

Өз кезегінде халық қалаушысы Болатбек Назметдинұлы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы реформалар кезең-кезеңімен жетілдіріліп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, заңнамаға енгізіліп жатқан өзгерістер тұрғындардың, МИБ, ПИК және басқарушы компаниялардың нақты ұсыныстары негізінде қалыптанды. «Біздің басты мақсатымыз – көпқабатты тұрғын үйлерді басқарудың ашық әрі тиімді жүйесін қалыптастыру. Тұрғындар жиналған қаражаттың қайда жұмсалатынын нақты біліп, басқару процесіне тікелей қатысуы қажет», – деді депутат.

Жиын барысында партияның сайлауалды бағдарламасы аясында Шымкент қаласында атқарылған жұмыстарға да ерекше назар аударылды. Кейінгі үш жылда өңірде білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында 170-тен астам жаңа нысан салынған, сондай-ақ 49 саябақ және 437 балалар ойын алаңшасы пайдалануға берілген. Бұдан бөлек, 71 көпқабатты үй күрделі жөндеуден өткен. Биыл тағы 16 көпқабатты үйді жөндеуден өткізу жоспарланып отыр.

Іс-шара соңында TURGYNDAR AMANATY жобасы аясында белсенді жұмыс істеген бірқатар азамат «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібектің алғысхатымен марапатталды. Сондай-ақ партия қатарына жаңа мүшелерді қабылдау рәсімі өтті.

Ақтөбе облысы Темір ауданына қарасты Шұбарқұдық және Қопа ауылдарында «AMANAT» партиясының мобильді қоғамдық қабылдауы өткізілді. Іс-шара барысында тұрғындардың талап-тілегі тыңдалып, өзекті мәселелерді шешу жолдары талқыланды.

## АҚТӨБЕЛІКТЕРДІҢ МӘСЕЛЕСІНЕ НАЗАР АУДАРЫЛДЫ

Азаматтарды «AMANAT» партиясы Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесі менгерушісінің орынбасары Ермұхаммед Жұмабек, Темір ауданының әкімі Алмас Жаксылықов, Темір аудандық мәслихатының төрағасы Болат Шаимов, Темір ауданының прокуроры Жаслан Жұмағазиев, Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, адвокат Алмас Мұқашов, аудандық мәслихат депутаттары мен бөлім басшылары қабылданды.

Қоғамдық қабылдауға 30-дан астам тұрғын келіп, олар жол жөндеу, жұмыспен қатысты өтіншітерін жеткізді. Мәселен Қалмаққырған ауылының тұрғындары ауылға кіреберіс жолдың жағдайына алаңдап отыр. Жауын жауған, қар еріген кездерде жолды батпақ басып, көлік қатынасы қиындайды. Осыған байланысты, ауыл ақсакалы Аманшүрүн Келбетов жолға қиыршық тас төсеуіне ісіне көмек көрсетуді сұрады.

Өз кезегінде, партияның Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесі менгерушісінің орынбасары Ермұхаммед Жұмабек тұрғындар тарапынан көтерілген ұсыныстарды оң шешу ісіне жіті назар аударылатынын атап өтті.

– Шұбарқұдық ауылында азаматтарды қабылдау барысында бірнеше маңызды мәселе көтерілді. Мәселен, тұрғындардың бірі бұрын көпес Демидовтың үйі болған ескі әкімдік ғимаратын тарихи нысан ретінде сақтап, онда мұражай мен кітапхана ашуды ұсынды. Бүгінде бұл мәселені ономастикалық комиссия қарап жатыр. Осындай ұсыныстарды республикалық қоғамдық қабылдау алаңында көтеріп, оң шешілуіне ықпал етуге тырысамыз. Жалпы, биыл төрт айда «AMANAT» партиясының ел аумағындағы қоғамдық қабылдау алаңдарына 34 мыңға жуық өтініш келіп түсіп, оның 58 пайызы оң шешім тапты, – деді ол.

Темір аудандық мәслихатының депутаты, «AMANAT» партиясы фракция-



– Мен осы жерде туып-өстім, бар жұмырым осы ауылмен байланысты. Қазір жасым 75-те. Жолдасыммен 53 жыл отасып, 6 бала тәрбиелеп өсірдік.

Ауылымыз шағын болғанымен, ауыз-біршілігі жарасқан, тұрмысы түзу елді мекендердің бірі. Мұнда 75 үй, мектеп пен фельдшерлік пункт бар. Дегенмен ауылға кіреберістегі шамамен 650 метр жол жөндеуді қажет етеді. Жанбыр жауған кезде батпақ, күн ысығанда шаң басады. Сол жерге қиыршық тас төсеп берсе, ауыл тұрғындарына үлкен көмек болар еді, – деді ол.

Бұл мәселе «AMANAT» партиясының назарына алынып, жергілікті әкімдікпен бірлесіп шешу жолдары қарастырылатыны жеткізілді.

сының мүшесі Хурлиман Нұртуғанова қоғамдық қабылдау барысында көтерілген барлық мәселеге айрықша мән берілетінін атап өтті.

– Қоғамдық қабылдаулар барысында тұрғындар тарапынан көтеріліп жүрген әрбір мәселеге жіті назар аударамыз. Әсіресе, ауылшілік жол, инфрақұрылым және тұрғындардың күнделікті тұрмысына қатысты проблемалар кезең-кезеңімен қаралып келеді. Тұрғындардың талап-тілегін ескеріп, мәселелердің оң шешілуіне ықпал ету – біздің басты міндетіміз», – деді ол.

Айта кетейік, жыл басынан бері Ақтөбе облысындағы шалғай елді мекендерде 44 рет мобильді қоғамдық қабылдау өткізіліп, екі жүзден астам тұрғынның мәселесі оң шешілді.



## НАРЫҚ

19 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Жуырда Президент «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті ендіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Құжаттың басты ерекшелігі – жасанды интеллектті енді тек қосымша технология емес, мектеп жүйесін өзгертетін маңызды құрал ретінде қарастыруы.


## Кәмила ДҮЙСЕН

Жарлықта Үкіметке бірнеше нақты мерзім бекітілген. Соған сәйкес, 1 шілденің 2026–2029 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылданыу керек. Ол құжатта дербес оқыту тетіктері, цифрлық инфра-құрылым, мұғалімдерді даярлау, оқушылардың дербес деректерін қорғау секілді мәселелер қамтылады. Яғни, сөз тек чат-бот немесе автоматты тексеру жүйелері туралы емес, мектептің ішкі жұмыс логикасын жаңа технологиямен байланыстыру жайында болып отыр.

Соңғы күндері бұл бастама қоғамда қызу талқылана бастады. Әсіресе, ауыл мен қала мектебі арасындағы айырмашылықты азайту мәселесі көп айтылуда. Президент Жарлығында да осыған арнайы тоқталған. Үкіметке Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес мүшесі Ли Кай-Фудің ұсынымдарын пайдаланып, пилоттық жобаларды іске қосу тапсырылды. Бұл бағыттағы ұсыныстар 1 маусымға дейін әзірленуге тиіс.

Қазірдің өзінде мектептердің техникалық мүмкіндігі негізгі мәселелердің біріне айналып отыр. Жарлықта 1 тамызға дейін пилоттық жобаға қатысатын мектептер жоғары жылдамдықтағы интернетпен және қажетті техникамен қамтамасыз етілуі қажет екені көрсетілген. Бұл талап бекер емес. Өйткені жасанды интеллектке негізделген жүйелердің тұрақты жұмыс істеуі үшін интернет сапасы шешуші рөл атқарады. Әсіресе, шалғай ауылдарда бұл мәселе әлі толық шешілген жоқ.

Тағы бір маңызды мәселе – академиялық адальдық. Кейінгі жылдары әлемде оқушылар мен студенттердің генеративті AI көмегімен эссе, тапсырма, реферат жазуы көбейгені жиі айтылып жүр. Қазақстан да бұл мәселенің тыс қалмайды. Сондықтан жарлықта 1 қыркүйекке дейін білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану стандарттарын

SMART  
БІЛІМНІҢ САЛМАҒЫ

бекіту міндеті қойылды. Онда оқу нәтижелерін бағалау, AI құралдарын пайдалану шегі және академиялық адальдық кепілдіктері қарастырылуға тиіс.

Құжаттағы тағы бір маңызды тұс – мұғалімнің рөліне қатысты ұстаным. Жарлықта жасанды интеллект педагогты алмастыратын жүйе ретінде емес, оның жұмысына көмектесетін қосымша құрал ретінде қарастырылатыны анық жазылған. Осыған байланысты мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуына арналған арнайы жоспар да қабылданбақ.

Шынында да, жасанды интеллектті мектептерге енгізу оқушылардың білім сапасын арттыруға қалай көмектеседі? Qazaq Expert Club білім берудегі эксперти Бахытжан Дүйсенова бұл туралы бүгінде жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізу төңірегінде түрлі пікір барын айтады. Алайда халықаралық және қазақстандық құжаттардың басым бөлігі мынадай маңызды ойды нұсқайды: мәселе ЖИ-дің өзінде емес, оны қалай және қандай мақсатта қолдану.

— Егер жасанды интеллект жүйелі, педагогикалық тұрғыда сауатты және саналы

қолданылса, ол білім сапасын арттырудың қуатты құралына айнала алады. Қазақстанның 2025 жылғы «Жасанды интеллектті білім беру жүйесіне енгізудің ұлттық моделінде» AI құралдарын оқу процесіне кезең-кезеңімен енгізу, академиялық адальдықты сақтау және мұғалімдердің кәсіби даярлығын күшейту негізгі бағыт ретінде белгіленген, — дейді маман.

Себебі ЖИ ең алдымен оқытуды дербестендіруге мүмкіндік береді. Әр оқушының оқу қарқыны, түсіну деңгейі мен қажеттілігі әртүрлі. Сондықтан да мұғалім бір сыныптағы 25–30 оқушыға бірдей деңгейде жеке қолдау көрсете алмайды. Ал маманның пайымынша, AI құралдары оқушының әлсіз тұстарын анықтап, оған бейімделген тапсырмалар мен түсіндірулер ұсына алады. OECD Digital Education Outlook 2026 есебінде генеративті AI нақты педагогикалық мақсатпен қолданылған жағдайда оқу нәтижесін жақсартуға ықпал ететіні айтылған.

— Сонымен қатар қазіргі оқушылар цифрлық ортада өсіп келе жатқандықтан, мектеп олардың өмір сүріп отырған техно-

логиялық шындығынан бөлек болмауы керек. Керісінше, мектеп оқушыны ЖИ-ді дұрыс қолдануға, ақпаратты тексеруге, сыни ойлауға және жауапкершілікпен пайдалануға үйретуге тиіс. UNESCO-ның 2025 жылғы құқыққа негізделген AI және білім беру есебінде де басты акцент технологиядан қорқу емес, оны қауіпсіз әрі этикалық қолдану мәдениетін қалыптастыру екені көрсетілген. Эстонияның Білім және зерттеу министрлігі жариялаған AI Lear 2025 бастамасы — Қазақстанмен салыстыруға өте ыңғайлы ресми кейс. Бағдарлама 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап 10–11 сыныптағы 20 мың оқушы мен 3 мың мұғалімге әлемдегі жетекші AI қолданбаларына тегін қолжетімділік беруді, ал 2026 жылы кәсіптік мектептер мен жаңа 10–сыныптарды қосып, тағы 38 мың оқушы мен 2 мың мұғалімді қамтуды жоспарлайды. Эстония бұл жобаны мұғалім даярлығымен қатар іске қоса отырып, AI-ды «тыйым салынатын зат» емес, мектептің өзі басқаратын құрал ретінде қарастырады, — дейді Бахытжан Дүйсенова.

Бұл жоба ауыл мектептері үшін жаңа мүмкіндіктерге жол аша ма? Сарапшы бұл тұрғыда қала мен ауыл арасындағы білім айырмашылығын азайтуға мүмкіндік пайда болатынын айтады.

— Қазақстан жағдайында ЖИ-дің ең үлкен әлеуметтік әсері ауыл мектептерінде байқалуы мүмкін. Себебі еліміздегі мектептердің шамамен 70%-ы ауылдық жерде орналасқан. Сонымен қатар PISA-2022 ұлттық есебінде қала мен ауыл арасындағы білім айырмашылығы өлі де жоғары екені көрсетілген: оқу сауаттылығында айырма 37 балл, жаратылыстануда 26 балл болған. ЖИ бұл мәселені толық бірден шешпесе де, айырмашылықты азайтуға көмектесе алады. Мысалы, ауыл мұғалімі қаладағыдай үлкен әдістемелік ресурстарға немесе тар бейімді мамандарға әрдайым қол жеткізе алмайды. Ал AI құралдары сабақ жоспарын дайындауға, сараланған тапсырмалар құрастыруға, визуалды материалдар жасауға және көптілі контент әзірлеуге көмектеседі. Бұл әсіресе шағын жинақтай мектептер үшін маңызды, — дейді ол.

Бірақ маманның сөзінше, мұнда мынадай маңызды мәселе бар: ЖИ өздігінен нәтиже бермейді. Егер мұғалім оны тек дайын жауап шығаратын құрал ретінде қолданса, онда сапаға әсері аз болады. Ал егер педагог ЖИ-ді әдістемелік тұрғыда дұрыс қолдануды үйренсе — мысалы, оқушыға бейімделген тапсырма жасау, сыни ойлау сұрақтарын әзірлеу, кері байланыс беру немесе зерттеу

жобаларын ұйымдастыру үшін пайдаланса — онда оның әсері әлдеқайда жоғары болады. Сондықтан негізгі инвестиция технологияның өзіне емес, мұғалім даярлығына салынуы керек.

— Қазіргі мектептегі ең үлкен мәселелердің бірі — мұғалімнің шамадан тыс жүктемесі. Көп уақыт қағазбастылыққа, тапсырма тексеруге, есеп толтыруға және материал дайындауға кетеді. ЖИ осы техникалық жүктемені азайтып, мұғалімге оқушымен тікелей жұмыс істеуге көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді. 2026 жылғы ChatGPT Edu пилоты туралы ресми хабарламада AI құралдарының сабақ жоспарын бірнеше минутта дайындау, тест пен тапсырма құрастыру, материалды әртүрлі деңгейге бейімдеу, бағалау критерийлерін әзірлеу және оқушы жұмысына алдын ала талдау жасау функциялары нақты көрсетілген. Бұл мұғалімнің рөлін әлсіретпейді, керісінше, оның интеллектуалдық және шығармашылық жұмысына көбірек көңіл бөлуіне жағдай жасайды, — деп сөзін жалғай сарапшы.

Мәселен, OECD TALIS 2024 зерттеуі бойынша AI қолданатын мұғалімдердің 64%-ы оны сабақ жоспарын әзірлеу үшін, 68%-ы ақпаратты тез талдау мен қысқаша мазмұндау үшін пайдаланатын көрінеді. Яғни, халықаралық тәжірибе мұғалімдердің AI-ды ең алдымен уақыт үнемдеу және сапалы контент дайындау құралы ретінде пайдаланып жатқанын көрсетеді.

— Дегенмен басты мәселе құралдың бар-жоғында емес, оны педагогикалық тұрғыда сауатты қолдану. Қазір көптеген мұғалім ЖИ-ді техникалық деңгейде ғана қолданады: мәтін жаздыру немесе презентация жасау үшін. Ал шын мәнінде AI мұғалімге оқу аналитикасын жасауға, оқушының прогресін бақылауға, зерттеу тапсырмаларын әзірлеуге және сараланған оқытуды ұйымдастыруға көмектесе алады. Сондықтан алдағы кезеңде ең маңызды міндеттердің бірі — педагогтарды ЖИ құралдарын әдістемелік және саналы қолдануға жүйелі түрде үйрету, — деді Б.Дүйсенова.

Демек, жасанды интеллект мұғалімді алмастыратын технология емес. Сала сарапшысы бұл мұғалімнің кәсіби мүмкіндігін күшейтетін интеллектуалдық ассистент екенін аға тартып отыр. Ал білім сапасының артуы технологияның өзіне емес, оны қолданатын педагогтың кәсіби мәдениетіне тікелей байланысты.

ДАЛА АҢЫ ҺӘМ  
«ДӘЛІЗ» ЗАҢЫ

Табиғат – Тәңірдің адамзатқа аманаттаған асыл қазынасы болса, соның күзетінде тұрған қорықшы – бүгінгі заман жанкештісі. Енді оларды жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану саласындағы жаңа реформа күтіп тұр. Табиғат сақшыларын даярлау аңшылық қауымдастықтар құзырына өтпек. Кейбір сарапшы мен қоғамдық ұйым бұған қарсы. Қауіп түсінікті: жануарлар дүниесін қорғаушы мен қолға түсіруші арасындағы шекара шайылып кетпей ме? Демек, біріншісі екіншісіне тәуелді болмаса жөн. Бұл қадам кадр тапшылығын жоя ма, әлде «қасқырға қой бақтырғанның» кері ме?

ҚАРСЫЛЫҚ пен ҚАЙШЫЛЫҚ: ЕКІ  
ОТТЫҢ АРАСЫ

Экология ведомствосы осы бастаманы заңдастыру үшін «Кейбір заңнамалық актілерге аңшылық саласы және жануарлар дүниесін сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның жобасын жазды. Түсіндіруінше, оған сәйкес, аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асыратын қорықшыларды уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, республикалық аңшылардың қоғамдық бірлестіктері мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қауымдастықтары арнайы даярлықтан өткізбек.

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылығы басқармасы дәл осы тетіктің саладағы сенді қозғап, мейлінше көп қорықшыны кәсіби деңгейге көтеруге қабілетті екеніне сенімді. Жалпы, Қазақстанда қорықшы болу үшін арнайы орта білім де жеткілікті. Алайда аға қорықшы немесе одан да жоғары лауазымға дейін өсу, мансап сатысында жоғарылау үшін жоғары білім қажет-ақ. Айтпақшы, аңшылар арасында да қорықшы болғандар бар екен.

Тәжірибелі экс-қорықшы, бүгінде зейнеткерлікке шыққан Ақәділ Құралбайұлы қазір сала үшін кадр даярлауда ең қиындық жоғына назар аударғты. Оның мәліметі бойынша бұл кәсіп иелері үшін бейімді жоғары білімді Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті сияқты біраз жоғары оқу орны береді. Олар салаға қажетті мамандарды «орман ресурстары және орманшылық», «орман ресурстары, аңшылықтану және аң шаруашылығы», «экология», «биология» және басқа мамандықтар аясында даярлайды. Бұл іске колледждер де үлес қосып жатыр.

«Басты мәселе — салаға жастардың қызықпайтынында. Қорықшылардың жалақысы өте аз: 150–250 мың айналасында. Оның өзі толық қолға тимейді. Кейде көлік, квадроцикл, қайық сынып қалса, оның жабдығын өз қаржымызға алуға тура келеді. Өйткені қажетті бөлшектерді айлап күтесін. Оның жеткізілуін күтіп жатып алсан, рейдке шықпасаң, лауазымдық міндетін орындамады деп төртінші жауапкершілікке тартады. Әлеуметтік қолдау жағы да әлсіз. Коммуналдық баспана кезегіне тұрудың қамын

жасап едік, «қалада тұрақты өмір сүрмейсіз», — деген сылтаумен бас тартылды», — дейді А.Құралбайұлы.

Оның айтуынша, бір топ қорықшы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне хат жазып, өздерін ауыр және зиянды жұмыс істейтін кәсіп иелері санатына жатқызуды сұрапты. Сонда олар 55 жаста бейнетінің зейнетін ерте көре бастар еді. Зиянды еңбек жағдайларында кемі 7 жыл істеген адамдарға арнаулы әлеуметтік төлем 2024 жылдан бастап енгізілген. Содан бері 2026 жылдың наурызына дейінгі аралықта ол 21 мыңнан аса жұмысшыға тағайындалды. АӨТ бюджет, БЖЗК, сактандыру компаниялары мен жұмыс берушіден түсетін қаражаттан құралып, адам зейнеткерлікке шыққанша, 63 жасқа дейін төленеді.

«Еңбекмині мамандығымызды «зиянды» деп танымайды. Біздің кәсіп ауыр ғана емес, өмірге қауіпті. Браконьерлер, заңсыз орман кесушілер, есірткі тасушылар атып кетуі, не соққыға жығуы мүмкін. Көлігі сынып, байланыссыз қалып, қыста дала үсіген әріптестер бар. Содан жақсы жалақысы, мықты әлеуметтік пакеті болмаса, бұл кәсіпте жас мамандар байласа да қалмайды», — деп күйінеді қорықшы. Маманның пікірінше, саланы суағлан кадрлық «тамырына» қан жүгірту үшін тек оқыту тетігін өзгерту жеткіліксіз. Мәселе дипломын жоғында емес, сол дипломын аркалап түзге аттанар жастың табыла бермейтінінде. Еңдесе қорықшының әлеуметтік мәртебесін көтеру кезек күттірмес шаруа.

ТАУҚЫМЕТ ТАСАСЫНДАҒЫ  
ТАЕДЫРЛАР

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің тоқтама басқа. «Қорықшыларды арнайы даярлау оларды жануарлар дүниесін сапалы қорғауға, сондай-ақ аңшылық алқаптарды тиімді басқаруға қажетті дағдылар мен білімге үйретуге мүмкіндік береді. Бұл қорықшылардың құзыреттілік деңгейін арттыруға ықпал етеді», — деп хабарлады ведомство.

Ол әңгіме мектепті жаңа бітірген талапкерлерді қорықшыға оқыту туралы емес, іс басындағы қорықшының аңшылық бірлестіктерде қосымша оқыту туралы екенін нақтылады. Құрстарда қорықшыларға нақты міндеттерінде қажетті бағыттарда, мысалы, биология, экология, салалық заңнамалық база және жануарлар дүниесін қорғау әдістері бойынша білім берілімек.



Елшір ҚАБА (қолжазба)

Бірақ онысы да қорықшы болып жұмыс істеп жүрген, тәжірибе жинақтаған маманды қалай даярлау не үшін қажет? Ол Салық кодексі жанадан қабылданған сайын бүкіл білген-түйгенін қайта жанартуға мәжбүр бухгалтер не заңгер емес қой. Өйтсе де, шенеуніктер қорықшылардың үлкен бөлігінің біліктілігі төмен деп есептейді. Кейбірінші тіпті орманды төл қоймасындай көріп, жануарларды атып алып, жеп қоятынын алға тартты. Біріншіден, ведомствоның тұжырымдауынша, дайындықтан жеткіліксіздігі жануарлар санын реттеуге қатысты бұрыс шешімдерге, табиғаттағы теңгерімді бұзуға әкелуі мүмкін.

«Қажетті білімі болмаса, қорықшылар қолданыстағы заңдарды, аң аулау және табиғатты қорғау ережелерін білмеуі мүмкін, бұл олардың заңсыз қызметке арандырау соқтырып жатады. Екіншіден, білім деңгейі төмен қорықшылар браконьерліктің және басқа да экологиялық қауіпті іс-әрекеттердің алдын алу бағытында тиімді шаралар қабылдай алмайықтамал. Үшіншіден, тиісті біліктілігі болмаса, қорықшылар сондай-ақ жұртшылық арасында табиғатты қорғаудың маңыздылығы мен табиғи ресурстарды орнықты пайдалану туралы тиімді түсіндірме жұмыстарын жүргізе алмайды», — делінген комитет түсініктемесінде.

Бақылау болдыр ма, әлде шындығы сол ма, қорықшылардың браконьерлікпен айналысу фактілері көп тіркелмеген. Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректеріне сәйкес, 2022 жылдан бері жыл сайын қорықшыларға қатысты заң бұзушылықтардың бар-жоғы 1–3 дерегі

тіркеледі. Қорықшыларға жануарлар дүниесін қорғау, браконьерліктің алдын алу, табиғат қорғау заңнамасын сақтау, аңшылық ресурстарын ұтымды пайдалану және басқа да қызметтік міндеттер жүктелген.

Мысал ретінде комитет сонау 2020 жылғы 13 қаңтарда Ерейментау ауданының жергілікті уәкелілік инспекторының Ақсуат ауылының маңында аңшылық шаруашылығының 40 жастағы қорықшысын ұстағанын еске салды. Полицияның мәлімдеуінше, ол браконьерлікпен айналысқан. Одан беріде СҚО-ның Есіл ауданында табиғат қорғау полициясы браконьерлік жасалды деген күдікпен екі ер адамды қолға түсірді: олардың «Нива» автокөлігінің тіркелінісінен екі маралдың ұшасы табылды. Екеуі де қорықшы әрі жануарларды атуға рұқсаты болмаған. Осы және өзгесіне қатысты Қылмыстық кодекстің 337-бабы («Зансыз аң аулау») бойынша іс қозғалып, жаза-сы берілген.

ҚАҒАЗДАҒЫ САН мен ДАЛАДАҒЫ  
АҢНЫҢ АРАСЫ

Қалай болғанда, аңшы мектебінен өткен қорықшы түз тағысын қорғай ма, әлде «ұстазының» олжасын түгендей ме? Мәселе ашық қалып тұр. Жаңа Парламент — Құрылтай тілге тиек етілген жаңа заң жобасын қабылдаса, онда республикалық аңшылардың қоғамдық бірлестіктері мен аңшылық шаруашылығы субъектілері бюджет есебінен қорықшыларды арнайы даярлап, табыс таба алады. Экология министрлігі олардың бұл қызметі мемлекет үшін ақылы болатынын күні бұрын ескертті. Олардың дайындығын тәртібін аталған коми-

тет бекітеді, ал оқыту курстары мен бағдарламаларын аңшылардың ұйымдары өзі жазуы мүмкін.

Оның есеп-қисабы бойынша 1 қорықшыны даярлау 44 сағатқа созылады. Елде 3 084 қорықшы бар, сондықтан бизнестің табысы 93,5 миллион теңгеден жоғары болуы мүмкін. Сөйтіп, жаңа заң жобасы экология саласындағы ескі түйткілдердің бетін ашып қана қоймай, жаңа «нарықтың» есігін айқара ашқалы тұр.

Жалпы, сарапшылар аңшылық қауымдастықтар мен шаруашылықтарға бұған дейін де салмақты өкілеттіктер берілгенін атап өтеді. Мысалы, жыл сайын дәл осы ұйымдар өз жауапкершілігіндегі аумақта тіршілік ететін аң-құстың есебін тапсырады екен. Міне, соның негізінде уәкілетті орган қай облыста қанша қанатты, табанды мен тұяқтыны атуға болатынын белгілеп, лимит бекітеді. «Табиғат» экологиялық қауымдастығының сарапшылары аңшылардың («аң пайдаланушылардың») беретін есептік мәліметтерін аумақтық инспекциялардың ішінара, үстірт қана тексеретінін жеткізді. Ал жабайы жануарларды есепке алудың күрделілігіне байланысты есептер жиі субъективті сипатқа ие.

«Сондықтан аулау лимитін анықтау үшін олардан жабайы жануарларды есепке алу бойынша жүйелі жұмыс жүргізуді, фото, видеомен растауды талап еткен жөн. Осы талаптарды орындаған және мемлекеттік аумақтық инспекциядан ескертулері жоқ аң пайдаланушыларға ғана лимит берілуі тиіс. Мысалы, еліміздің бірқатар облысында КСРО ыдырағаннан кейін қалған, қоластында миллиондаған гектар аңшылық алқаптары бар облыстық аңшылар қоғамдарына негізделген олигополиялар пайда болды», — дейді қауымдастық сарапшылары.

Сонымен бірге республикада бірде-бір жеке аңшылық шаруашылығы жоқ облыстар бар. Мұның бәрі бәсекелестік ортаға және жалпы аңшылық шаруашылығының дамуына теріс әсер етіп отырған көрінеді. Табиғаттағыларды мазалайтын тағы бір жайт — шенеуніктердің жыл сайын аңдардың анықталғанын (ұрғашысын) атуға беретін лимиті. Экологтар мұның соны жан-жануардың жаппай деградациясына, тұқымының аузына соқтыра бастағанын айтып, дабыл қағып жүр.

Сондай-ақ квота облыстарда қалыптасқан нақты климаттық, азықтық және эпизодтылық жағдайды інетті, қуаныштық, алапат орман өрттерін ескермейді екен. Өйткені аңшылар квота алуға қажетті мәліметтерді бір жыл бұрын өткізеді. Онда алда тілсіз жаудан қашқан немесе дерт пен шөлден қырылған аң мен құстың көрші елдерге ауа көшетінің дөп баса алмайды. Маусым басталғанда жануарлардың нақты саны өтінімдегіден үш-төрт есе аз болуы да ықтимал екен. Квота болса, бұрынғы мөлшерде қалады.

Салада қордаланған, шешімі табылмаған проблема жетерлік. Оның бәрі ресурстарды ұтымсыз пайдалануға әкеледі. Оның алдын алу үшін мемлекет тек аңшылық қауымдастықтардың құзырын қушейтуден шектелмеуі керек. Салаға кешенді реформа қажет: жалақыны өсіру, әлеуметтік қолдауды нығайту, заңнаманы жетілдіру және мемлекеттік бақылаудың тәуелсіздігін сақтау. Өйтпесе, даланың аны дәліз заңына жем болып, табиғаттың теңгерімінен айырылып қалуымыз көдік.

Елдос СЕНБАЙ

# ӘЛЕУМЕТ

19 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ



Санаулы күндерден кейін оқу жылы аяқталады. Биыл еліміздің 8 мыңнан астам мектебінде соңғы қоңырау соғылмақ, 2025-2026 оқу жылында еліміздің мектептерінде 4,1 миллионнан астам оқушы білім алған болса, олардың 240 мыңға жуығы 11 сыныпты аяқтайды. Табалдырығын «тарыдай» болып аттаған алтын ұя мектебімен қоштасады. Құлын-тайдай тебісіп бірге өскен парталас достар үшін көктем күнімен күлімдей атқан әр таң қимас сәттерге толы қымбат уақыт. Әйтсе де, биыл түлектер кеші қалай өткізіледі деген сауал әркімді де қызықтыратыны анық.

## Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Елімізде мектеп бітіруші түлектер кешін ерекше сән-салтанатпен атап өту дәстүрге айналған. Десек те, кейінгі жылдары қалыптасқан дәстүрдің мәні өзгеріп, мазмұны ауысып барады. Қымбат мейрамханалар, кортеждер, шетелдік сапарлар мен бренд киімдер — кейбір ата-аналар үшін әлеуметтік мәртебе жарысына ұқсайтын секілді. Ал ата-аналар үшін «апайға» естелік сыйлық беру керек деген жазылмаған заң бар.

### ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге және оларға теңестірілген тұлғаларға қызметтік міндеттерін атқаруына байланысты сыйлық қабылдауға шектеу қойылған. Мемлекеттік мектеп мұғалімдері мен өзге де педагогтар осы санатқа жатады.

Қолданыстағы норма бойынша, мемлекеттік қызметшілер 2 айлық есептік көрсеткіштен (2 АЕК) асатын сыйлықты қабылдай алмайды. 2026 жылы 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшері 3 932 теңгені құрайды. Демек, заң бойынша шекті сома — 7 864 теңге. Бұл межелен асатын сыйлық заң талаптарына қайшы деп бағалануы мүмкін. Аталған талаптар мемлекеттік мектеп мұғалімдеріне, мемлекеттік балабақша тәрбиешілеріне, колледждер мен өзге де мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтарына қатысты. Жеке білім беру ұйымдарында ішкі ережелер бөлек белгіленуі мүмкін. Дегенмен көп жағдайда олар да қымбат сыйлыққа шектеу қояды. Сондай-ақ заң талаптарында ұжымдық сыйлық берудің жеке нормасы қарастырылмаған. Мысалы, практикада ата-аналар, көбінесе, сынып болып ақша жинап, мұғалімге ортақ сыйлық ұсынады. Алайда заң нормасы сыйлықтың кімінен берілетіні емес, оның жалпы құнына қарайды. Яғни, бірнеше ата-ана бірігіп қымбат техника немесе зергерлік бұйым алса, оның нарықтық бағасы 2 АЕК-тен асқан жағдайда заң талаптары бұзылуы мүмкін. Егер педагог заңда белгіленген шектен асатын сыйлықты қабылдаса, ол тәртіптік жауапкершілікке тартылуы ықтимал. Сондықтан көптеген мектеп мереке қарсаңында ата-аналарға ресми ескерту жасап, ірі көлемде ақша жинаудан бас тартуды сұрайды. Сарапшылардың пікірінше, мұғалім еңбегіне алғыс білдіру символына өріс қарапайым форматта болғаны дұрыс. Мысалы, гүл шоғы, кітап, балалардың қолымен жасалған құттықтау, шағын сыйлық сертификаты, шығармашылық бейнеқұттықтау. Мұндай нұсқалар заң талаптарына да, әдеп нормаларына да сәйкес келеді. Ал егер алғыс ретінде берілетін сыйлықтың көлемі 5 АЕК-тен көп болса, ол арнайы қор арқылы аударылуы керек. Бірақ мұндай заңнамалық шектеу сыйластықты аса жоғары бағалайтын ата-аналар үшін тіпті күлкілі көрінуі мүмкін. Себебі қазір ата-аналар чатында ақша



Елдар ҚАБА (солдан)

# ТҮЛЕКТЕР КЕШІНДЕ ТҮЛЕН ТҮРТПЕСІН

жинау науқаны асқан бір белсенділікпен жүзеге асырылып жатқанына өзіміз де куәміз. Бір ата-ана «Туыла біткен қазақ деген атымыз бар ғой. Ешкімді мәжбүрлемейміз берсе берер. Бермесе қинамаймыз. Барлығымыз кішкентай бала емеспіз. Апайымызға зиянымыз тиіп кетбесін. Аман-есен бастауышты биітіріп апаймен қошиасайық. Әлі алда балаларымыз арпайымен қауышады. 10 жылдық та, 20 жылдық та, 30 жылдық та дегендей» (жазба еш өзгеріссіз алынды) деп жазса, тағы бір ата-ана «Осы әдеттен қашан арылады екенбіз, министрлік ақша жинауға тыйым салды емес пе» деп қызылады. Біз келтіріп отырған бұл мысал бастауыш бітіретін сынып чатынан алынғанын ескерсек, 11 мен 9 бітіретіндердің чаттарындағы «қызу талқының қызығын» айтып жеткізу мүмкін емес. Мәселен, биыл Астана қаласында 9 сыныпты 24 462 оқушы бітіретін болса, 11 сыныпты 16 196 түлек аяқтайды. Яғни, елорда мектептерін қанша түлек аяқтайтын болса, сонша ата-ана ақша жинау және мектеп бітіру науқанының «қызу талқысынан» тыс қалып жатпағаны анық.

### ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ ЕСКЕРТТІ, БІРАҚ...

Мектеп бітіру кештерін қарапайым әрі қауіпсіз форматта өткізу мәселесі биыл да назардан тыс қалып жатқан жоқ. Сала мамандары соңғы қоңыраудың негізгі мәні мен мағынасы — сән көрсету мен әлеуметтік мәртебе жарысы емес, мектеппен қоштасып, ұстазға құрмет білдіру, балаға өмірдің жана кезегіне жауапкершілікпен қадам басуды ұғындыру дейді.

— Қанша бұйрық қабылдана да, нәтиже жоқ деп айтуға болады. Бұл — жыл сайын қайталанатын мәселе. Мұғалімдер ешқашан лимузын жалданар немесе қымбат мейрамхана тандағандар деп айтпайды. Керісінше, мектеп ішінде қарапайым форматта өткізуді

ұсынады, — деді Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов.

Биыл Оқу-ағарту министрлігі мен Ішкі істер министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, мектеп бітіру кешін ұйымдастыру тәртібіне нақты өзгерістер енгізді. Ведомствоның мәліметінше, қабылданған шаралар білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, олардың құқықтарын қорғауды және құқықбұзушылықтардың алдын алуды қарастырады.

— Аттестаттарды табыстау рәсімі тек білім беру ұйымдарының ғимараттарында ұйымдастырылады. Білім алушылардан, олардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен қаражат және өзге де материалдық құндылықтарды жинауға қатаң тыйым салынады. Белгіленген талаптарға сәйкес, бітіру кештерін білім беру ұйымдарынан тыс жерлерде ұйымдастыруға жол берілмейді, — деп жазылған Оқу-ағарту министрлігінің мәлімдемесінде.

Сонымен қатар министрлік тарапынан жергілікті атқарушы органдарға қаржылық шығындарды талап етпейтін тәрбиелік және мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылған.

Астана қаласының Білім басқармасының хабарлауынша, Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасына сәйкес, мектеп бітіруші түлектердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Астана қаласының Білім басқармасы мен Балалардың құқықтарын қорғау басқармасы «Заң және тәртіп» жобасы аясында Астана қаласының полиция департаментімен бірлескен профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

«Осыған байланысты мектеп бітірушілермен және олардың ата-аналарымен түсіндіру кездесулері ұйымдастырылып, қоғамдық тәртіпті сақтау, қауіпсіздік талаптарын орындау және құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша арнайы жұмыстар атқарылды. Сондай-ақ құқық

қорғау органдары тарапынан бақылау күшейтіліп, түлектердің қауіпсіздігіне ерекше назар аударылады.

Оқу жылының аяқталуына байланысты жалпы орта білім беру ұйымдарында бір-қатар шектеу енгізілді. Атап айтқанда, мектептерде және мектептен тыс жерлерде салтанатты кештер мен банкеттер өткізуге, автокортеж ұйымдастыруға, таңды қарсы алу іс-шараларын өткізуге, алау жағу шараларын ұйымдастыруға, мейрамханаларда, кафелерде, банкет залдарында, асханаларда, демалыс базаларында және табиғат аясында мектеп бітіру кештерін өткізуге тыйым салынады. Сонымен қатар мектеп бітіру іс-шараларын ұйымдастыруға байланысты оқушылардан, ата-аналардан немесе заңды өкілдерден ақша жинауға жол берілмейді.

Астанада 2025-2026 оқу жылы 25 мамырда аяқталады. Бұл күні жалпы білім беретін мектептерде «Білім — Отаным» атты республикалық сынып сағаты өткізіледі. Аталған тәрбие сағатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізгі құндылықтарына басымдық беріліп, оқушыларға патриотизм, жауапкершілік, заңға құрмет және қауіпсіз мінез-құлық қағидалары кеңінен түсіндіріледі. Аттестаттар 9 және 11 сынып оқушыларына мектеп қабырғасында табысталады. Қалалық Білім басқармасы мектептен тыс бейресми кештердің алдын алу, түлектердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында ата-аналармен, педагогтармен және құқық қорғау органдарымен бірлескен бақылау жұмыстарын күшейтеді», — деп хабарлады Астана қаласының Білім басқармасы бізге берген жауабында.

### «ҚАЙҒЫСЫЗДЫҢ БӘРІ АСАУ»

Жоғарыда айтқанымыздай, бейінді министрлік шектеу қойып, ескерту жасағанымен, ата-аналар мен түлектер бітіру кештерін сән-салтанатпен өткізу және мұғалімге, мектеп басшылығына сыйлық беру райынан қайтты ма? Біз әуелі кештер өтеді-ау деген мейрамханаларға

хабарласып, маусым айларында бос күндер бар ма екенін сұрап көрдік.

«Қазір мен маусым айының бос дата-ларын айтайын. 25-сі мен 28-іне ғана бос күн бар. Сол екі күн ғана, басқасы бос емес», — дейді біз хабарласқан мейрамхана қызметкері. Яғни, қазір бос тойхана табудың да өз қиындықты бар деген сөз. Оның сөзінше, дастарқанның өзіне адам басына кемі 20 мың теңгеден келсе, одан бөлек қосымша шығындарға әжептәуір қаржы керек болады.

Сонымен қатар атын атамауды өтінген ата-ананың айтуынша, биыл қыздар күрең қызыл көйлек, ұлдар қоңыр костюм киюді жоспарлап, оған да қаражат қажет болып жатқан көрінеді. Бұл қаражатқа тағы виньетка үшін 3 түрлі киім алу мен өнші-биші жалдау, аниматорлар мен инвент-агенттіктерді тарту, көлікпен серуендеу, қыздар үшін боянып-сылану шығынын қосыңыз... Біз өз тарапымыздан басқаның қалтасындағы қаржысын санаудан аулақпыз. Не десек те, біз, баласы үшін қолынан келгеннің бәрін жасайтын қазақтың, әсіресе «баламның табанына кірген шөңге, менің маңдайыма қадалсын» дейтін қазақтың баласымыз. Бірақ бұрынғы ата-ана баласына «балық емес, қармақ беруді» дұрыс санаса, қазіргі кейбір ата-ана шамасы келсе, бәрін беруді дұрыс санайды. Тіпті бүгінгі қоғам «Арсыз болмай атак жоқ, Алдамшы болмай бақ қайда» деген Абай хакімнің ашы ыза-сынын тонын айналдырып, өзіне ыңғайлап алғандай көрінетіні бар. Өзін сондай жанашыр, жомарт, мейіран санайтын бір ата-ана ұл-қыз чатында «Бермесеніз бермиякойныз. Ар Ата-ана Оз баласын үшін береді» деп «сыпайы» ғана жазды. Мұндайда «Жомарттың қолын жоқ байлайтынын» айтқанмен, «Қайғысыздың бәрі асау» (Абай хакім) емес пе?!

— Барлық бітіру кештері мектепте емес, түрлі кафеде, мейрамханаларда өтеді. Үй жалдап тойлайды. Онда не болып жатқанына мектеп жауап бермейді. Оның үстіне аттестат алып қойғандықтан, енді олар оқушы емес. Олардың балалық шағы аяқталды. Мектеп әкімшілігінің оларға ешқандай құзыреті жоқ. Полиция да тыйым сала алмайды, — деді заңгер Б.Мәлік.

Алайда заңгер 18 жасқа толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта қоғамдық орындарда ересектердің қарауынсыз жүруіне рұқсат жоқ екенін еске салды.

— Ата-ана міндетті түрде бірге жүруі қажет. Бір оқушының қасында бір ата-ана болуы керек. Әдетте, бізде 3-5 сыныптар бірлесіп, мейрамханаларды брондап жатады. Қонақ саны 120-дан 200-ге дейін, кейде одан да көп болады, — дейді біз хабарласқан мейрамхана әкімшісі.

### P.S.

**Балабақшамен қоштасып жатқан бүлдіршіңдердің ата-аналары да баласы үшін, «апайға» алтын алып, «даже, кафеге ақша жинап, ойыны бар кафеге апаралы жатыр» (чаттағы жазбадан алынды). Біз орта білім саласында жаппай сипат алған «сыйластық» пен «жомарттықтың» соны қандай болуы мүмкін деп бал ашып жүргенімізде, балабақшаға дейін жеткен «дәстүрдің» тамыры тым тереңдеп кеткен сынайы. Ал «заман қандай, біз қандаймыз» деп, бірен-саран қарсы уәж айтқандарды ата-аналар комитеті чаттан шығарып, жазалай салады.**

# ҰБТ ТАҚЫРЫБЫН КӨТЕРГЕН ТУЫНДЫ

140 балл десе, бірден ойымызға ҰБТ көрсеткішіндегі сан келеді. Қазір осы цифрдың мектеп түлектері арасында жиі айтылатын уақыты да келді. Бірі жоғары оқу орнына грантпен түсуді армандаса, енді бірі ата-ананың үмітін ақтауға тырысады. Жуырда дәл осы тақырыппен еліміздегі алғаш рет ұлттық бірыңғай тестілеу тақырыбын арқау еткен сериал жарыққа шықты. Жоба бүгінгі мектеп бітірушілердің арманы, қорқынышы мен таңдауы арқылы қоғамдағы өзекті мәселені жаңа қырынан көрсетеді.

## Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Сюжет желісі бүгінгі мектеп бітірушілер жиі бетпе-бет келетін мәселелерді арқау еткен. Ең жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін жүйені бұзуға бел буған бір топ 11-сынып оқушысының айналасында өрбиді. Олар ҰБТ-дан 140 балл жинауды көздеп, түрлі қауіпті айла-тәсілдерге жүгінеді. Алайда бүкіл сыныптың күтпеген жерден ең жоғары нәтиже көрсетуі күмән тудырып, артынаша тергеу амалдары басталады. Жанры жағынан жастар драмасы, детектив және әлеуметтік драма элементтерін шебер ұштастырған туынды. Жасөспірімдердің арасында кең таралуына әсерлік құрамның сәтті таңдалуы әсер етті деуге болады. Бір жағынан «140 балл» сериалын түсірген шығармашылық топ осының алдында «Бір тоқсан» деп аталатын түлектердің соңғы емтиханға дейінгі оқиғасын сәтті қойып, көрерменге ұсынған еді. Ал сериалда емтихан тақырыбымен қатар достық, махаббат, ата-ана мен бала қарым-қатынасы, жауапкершілік пен таңдау мәселелері де кеңінен көрініс табады. Сериал 10 бөлімнен тұрады. Режиссер Аллен Ниязбековтің айтуынша, түсірілім тобы сериалды тек жасөспірімдерге арналған жоба ретінде көрсетпей, ересектерге де, өсіп келе жатқан буында да ортақ ой тастайтын туынды ретінде түсірген. Сондықтан балаларды ата-ананың

орындамай қалған армандары мен қалауының орындалушысына айналдырмау керек деген ойды жеткізуге тырысқан.

— Адамның өмірі бір ғана нәтижемен өлшенбейді. Уақыт өте келе бәрі өзгереді, өмір басқа арнаға бұрылуы мүмкін. Ең бастысы — қандай жағдайда да алға жылжып, өмірдің өз ағысымен жалғасатынына сену. Сериалдың негізгі ойы да осы: қандай қиындық болса да, оны еңсеруге болады, сондықтан бір сәтсіздік үшін өзіңді құртып, өмірден түңілмеу керек. Мысалы, алғашқы сериялардың бірінде ата-аналардың балаларын өздері қалаған жолмен жұртке мәжбүрлейтіні көрсетіледі. Кейде қоғам немесе жақындар қысым жасауы мүмкін, бірақ адам ең алдымен өз жүрегінің, ішкі түйсігінің тыңдауы қажет. Сондай-ақ балалардың «егер ата-анамның үмітін ақтай алмасам, онда өмір сүрудің мәні жоқ» деген қорқынышы да көрініс табады. Бірақ уақыт өте келе адам өмірдің тек бір нәтижемен шектелмейтінін түсінеді. Негізгі ата-аналардың көпшілігі де баласына замандық тілмейді. Олар тек баласының қауіпсіз, жақсы өмір сүргенін қалайды. Кейде сол алаңдаушылық қысымға айналып кетуі мүмкін. Дегенмен оның түбінде ата-ананың қорқынышы мен қамқорлығы жатады. Біз осы сезімдерді барынша шынайы жеткізуге тырыстық, — деді режиссер.

«140 балл» бірнеше буын өкілдеріне ортақ әлеуметтік әрі эмоционалдық тақы-

рыпты қозғайды. Себебі ҰБТ — мыңдаған қазақстандық отбасының өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Мәселен, былтыр негізгі ҰБТ-ны 210 мыңнан астам талапкер тапсырған. Жалпы тестілеу саны 381 мыңға жеткен. Бес пән бойынша орташа көрсеткіш 69 балды құраса, 130-дан жоғары нәтиже жинағандар саны небәрі 598 адам болған. Бұл сандар ҰБТ тақырыбының оқушылар және ата-аналар үшін әлі де болса өзекті екенін дәлелдейді. Туындының кәсіби визуалды шешімдері, әуезді музыкасы мен шынайы заманауи қазақ тіліндегі диалогтары сериалдың бірегей стилін қалыптастырған. Авторлар сериалдың шытырман оқиғалы желісі көрермен назарын соңына дейін ұстап тұратынына сенімді.

— Біз — көбіне өзіміз қаламаған мамандықты таңдап, сүймейтін жұмысқа барған буынбыз. Көп адам әлі күнге дейін сондай өмір сүріп келеді. Кейбірі ғана тәуекел етіп, өмірін өзгертуге батыл қадам жасайды. Сондықтан сериал арқылы жастар өздерін тыңдап, шын мәнінде нені қалайтынын түсінсе дедік. Өз таңдауын жасап қана қоймай, сол шешімнің жауапкершілігін де сезіне білсе екен деген ой болды. «140 балл» арқылы жастарға үнсіз қалмай, ашық сөйлесудің маңызын жеткізіміз келді, — дейді А.Ниязбеков.

Сериалдың кейіпкерлерін сомдаған жас актерлер үшін мектеп бітіру, мамандық таңдау мен ҰБТ атмосферасы жат тақырып емес. Сондықтан оларға рөлге дайындалу аса қиын болмаған. Шығармашылық құрам сериал арқылы ҰБТ емтиханы адамның бүкіл тағдырын анықтайтынын көрсеткісі келген.

Роза Мұқатаева, актриса: Мен сериалда 11 «Б» сыныбының жетекшісі — Қарлығаш апайдың рөлін сомдадым. Жалпы түсірілім



барысы да, жобаның идеясы да маған өте қызық болды. Сериал барысында оқушылардың өмірінде кездесетін түрлі жағдай, олардың ұяйымы мен арманы шынайы көрсетіледі. Сондықтан бұл жоба ҰБТ-ға енді дайындалып жүрген балаларға белгілі бір деңгейде мотивация беріп, өздеріне сенім ұялатуы мүмкін деп ойлаймын.

Нүртілек Жарылқасын, актер: Осы сериал арқылы біз ҰБТ-ның шынайы атмосферасын сезінуге мүмкіндік алдық. Түсірілім барысында арнайы тест орталығына барып, компьютер алдында отырып, нағыз тест процесін бастан өткердік. Сол сәттегі толықпен жауапкершілік сезімі ерекше әсер қалдырды. ҰБТ-ның өзіне тән аура бар екеніне көзіміз жетті. Сериалда біз бір сыныптың оқушылары ретінде үлкен мақсат қоямыз — барлығымыз 140 балл жинауды

армандаймыз. Ең қызығы, оған қалай қол жеткізгенімізді көрермен сериал барысында бірге тамашалай алады.

Осылайша, «140 балл» сериалы ҰБТ-ны білім сынағы ретінде емес, жасөспірімдердің өміріндегі ең жауапты кезеңдердің бірі ретінде көрсетеді. Туындыда жоғары балл үшін күрескен түлектердің тағдыры арқылы бүгінгі қоғамдағы ата-ана үміті, жастардың қорқынышы, таңдау еркіндігі мен психологиялық қысым мәселелері шынайы бейнеленген. Сериалдың басты ерекшелігі — көрерменге дайын жауап ұсынбай, «шын мәнінде жетістік деген не?» деген сауал тастауында. Өйткені кейде бір ғана тест адамның қабілетін де, болашағын да толық анықтай алмайтыны рас. Көрермен туынды соңына қарай өмірдің мәні бір ғана 140 балмен өлшенбейтінін терен ұғынады.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

19 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ



## ТҮРКІСТАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫҢ ЖАҢА АЛАҢЫ

Түркістан қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті кезекті халықаралық кездесу ғана емес, түркі әлемінің болашақ даму бағдарын айқындаған маңызды саяси-рухани оқиға ретінде тарихта қалды. Әлем назарын аударған жиын түркі интеграциясының жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін көрсетті. Саммиттің дәл Түркістанда өтуінің өзі символдық әрі стратегиялық мәнге ие. Өйткені Түркістан – түркі халықтарының тарихи жады мен рухани тамырын тоғыстырған мекен.

**Назгүл НАЗАРБЕК,**  
Түркістан облысы

### АТАЖҰРТТЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев саммит барысында Түркістанның тарихи миссиясына ерекше тоқталды. Мемлекет басшысы «Түркістан – атажұртымыздың мызғымас темірқазығы» деп атап, көне шаһардың түбі бір түркі жұртын ұйыстыратын қасиетті қара шаңырақ екенін айрықша айтты. Президенттің бұл пайымы бүгінгі геосаяси жағдайда ерекше мәнге ие. Себебі қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде тек экономикалық немесе әскери ықпалдастық емес, ортақ өркениеттік код пен рухани бірегейлік те маңызды факторға айналып отыр. Саммиттің негізгі ерекшелігі оның тек мәдени-рухани мәселелермен шектелмей, нақты технологиялық, ғылыми және экономикалық бастамаларға бағытталуында. Қазақстан Президенті түркі

асыруына жол ашатынын айтты. Бұл бастама Түркістанды тек тарихи-рухани орталық емес, халықаралық академиялық және ғылыми хабқа айналдыруға бағытталған стратегиялық қадам ретінде бағалануда.

Осы мақсаттағы нақты жобалардың бірі – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті базасында бой көтеретін Ясауи ғылыми-зерттеу институты. Аталған институт ғимаратының қапсуласын салу рәсімі салтанатты түрде өтті. Символдық тұрғыдан ерекше маңызға ие бұл рухани мұраны зерттеу мәселесінің мемлекеттік деңгейдегі стратегиялық басымдыққа айналғанының айқын көрінісі. Жаңа институт түркі өркениетін, сопылық ілімді, түркі халықтарының тарихи-мәдени сабақтастығын зерттейтін халықаралық ғылыми орталыққа айналмақ. Мұнда Қожа Ахмет Ясауи мұрасы кешенді түрде зерттеліп, сирек қолжазбаларды цифрландыру, тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізу жұмыстары жүргізіледі.



мемлекеттері арасындағы электронды құжат айналымы мен цифрлық қолданбалы біріздендіру мәселесін көтерді. Бұл – ұйым кеңістігіндегі сауда-экономикалық байланысты жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік беретін маңызды қадам.

Сарапшылардың пікірінше, цифрлық интеграция түркі елдері арасында келендік, логистикалық және инвестициялық процестерді жеңілдетіп, ортақ экономикалық кеңістіктің қалыптасуын жеделдетеді. Сонымен қатар Мемлекет басшысы ғарыш саласындағы ынтымақтастықты күшейтіп, CubeSat-12U ғылыми спутнигін бірлесіп іске қосу бастамасын ұсынды. Бұл ұсыныс түркі мемлекеттерінің технологиялық әлеуетін біріктіруге бағытталған стратегиялық жоба ретінде бағалануда.

Саммитте көтерілген маңызды бастамалардың бірі – жасанды интеллект саласындағы бірлескен инфрақұрылым қалыптастыру. Президент түркі елдерінің жасанды интеллект орталықтарының желісін құруды, IT-хабтардың ортақ платформасын қалыптастыруды және түркі халықтарының тарихи мен мәдениетіне қатысты материалдарды жинақтайтын цифрлық жүйе әзірлеуді ұсынды. Бұл бастамалар жаһандық цифрлық дәуірде түркі әлемінің ақпараттық тәуелсіздігін күшейтуге бағытталған. Бүгінде әлемде мәдени мұра үшін күрес тек тарихи ескерткіштерді сақтаумен шектелмейді. Ол ақпараттық кеңістіктегі ықпал, ғылыми интерпретация және цифрлық архивтер арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан ұсынған цифрлық гуманитаристика жобалары түркі өркениетінің интеллектуалдық кеңістігін қалыптастыруға мүмкіндік бермек.

### ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІ ОРТАЛЫҒЫ

Саммит барысында жарияланған ең маңызды шешімдердің бірі – Түркістанда Түркі өркениеті орталығын құру бастамасы. Президент бұл орталықтың бауырлас елдердің ортақ ғылыми зерттеулер жүргізуіне, мәдени және білім беру жобаларын іске

Жиын барысында Түркістанның түркі дүниесінің рухани орталығы ғана емес, сондай-ақ халықаралық іс-шараларды өткізуге толық мүмкіндігі бар заманауи қала екені айқын көрінгені айтылды. Мемлекет басшысының сөзінше, саммитке келген шетелдік делегациялар қала көшелерінің тазалығы мен көркіне, жасыл аймақтардың көптігіне және жол инфрақұрылымының сапасына оң бағасын берген. Президент облыс пен қала басшылығына көне шаһар Түркістанды дамыту, көркейту және абаттандыру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар еліміздің халықаралық беделін арттыру жолында аянбай еңбек еткен әкімдік қызметкерлері, мемлекеттік мекеме өкілдері, әскери және құқық қорғау саласының мамандары, коммуналдық қызметкерлер, еріктілер мен белсенді азаматтарды мемлекеттік наградалармен, Құрмет грамоталарымен және алғысхаттармен марапаттау жөнінде шешім қабылданғанын жеткізді.

### КЛИМАТТЫҚ ЖОБА ІСКЕ КОСЫЛДЫ

Қазақстанда алғаш рет жауын-шашынды жасанды түрде көбейту жобасы іске қосылды. Ауқымды бастама Түркістан облысында жүзеге асырылып, су тапшылығын азайту мен ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен қамтамасыз етуге бағытталған. Жоба Қазақстан мен БАӘ Ұлттық метеорология орталығы арасындағы халықаралық ынтымақтастық негізінде қолға алынған. Саммит қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Дүниежүзілік метеорология ұйымының президенті, БАӘ Ұлттық метеорология орталығының бас директоры Абдулла Әл-Мандуспен кездесіп, климат, су ресурстары және табиғи апаттардың алдын алу бағытындағы бірлескен жұмыстардың маңызын атап өткен болатын.

Негізгі мақсат – су қоймаларын толықтыру, ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен қамтамасыз ету және құрғақшылық салдарын азайту. Жоба су тапшылығы қатты сезілетін Түркістан облысы үшін маңызды. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Түркістанның аграрлық аймақ екенін атап өтіп, су ресурстарын тиімді пайдалану мен заманауи технологияларды енгізу басты міндеттердің бірі екенін жеткізді. Оның айтуынша, өңірде су үнемдеу технологиялары кезең-кезеңімен енгізіліп, жасанды жаңбыр жобасы ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

«Жаһандық климаттың өзгеруі оңтүстік өңірлерге өз әсерін тигізуде. Біз бұл мәселені шешу үшін су үнемдеу технологияларын қарқынды енгізіп жатырмыз. Кейінгі үш жылда 114 мың гектар жерді заманауи жүйеге көшірдік. Алдағы бес жылда қосымша 250 мың гектарға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Бүгінгі ұсынылып отырған жасанды жаңбыр жауғызу технологиясы – болашаққа бағытталған бірегей жоба. Қазірдің өзінде нақты істер атқарылды. Шаһарға 4 тонна инновациялық реагент жеткізілді. Арнайы әуе кемесі алғашқы техникалық ұшу сапарын сәтті орындады. Жасанды жаңбыр жауғызу арқылы біз алқаптарды сумен қамтамасыз етіп, жайылымдардың өнімділігін арттырамыз. Бірлескен жұмысымыз сәтті болсын!» – деді облыс әкімі.

Жоба суға суранысы жоғары аудандарда, ең алдымен, ауыл шаруашылығы аумақтарында жергілікті деңгейде жүзеге асырылады. Жұмыс жүргізілетін аймақтарды таңдау метеорологиялық қызмет мамандары мен профильдік мемлекеттік органдардың қатысуымен ауа райы жағдайын, экологиялық ахуалды және суға қажеттілікті ескере отырып жүргізіледі.

Мамандардың мәліметінше, мұндай технологиялар жауын-шашын көлемін 10-20 пайызға дейін арттыруы мүмкін. Қазір бұл тәжірибе Қытай, АҚШ, БАӘ және Сауд Арабиясы секілді елдерде қолданылып келеді.

Қорытындылай келе, Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті өңірдің халықаралық деңгейдегі беделін жаңа сатыға көтерді. Ауқымды жиын аясында саяси, рухани, мәдени және экономикалық бағыттағы маңызды бастамалар көтеріліп, Түркістанның түркі әлемінің рухани әрі стратегиялық орталығы ретіндегі рөлі айқындала түсті.

### ПІКІР

**Ламан ЗЕЙНАЛОВА,**  
Әзербайжандағы Trend халықаралық ақпараттық агенттігі директорының орынбасары:

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ КҮШЕЙТЕТІН ҚАДАМ



Түркістан қаласында өтіп жатқан Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті тек Қазақстан үшін ғана емес, ұйымға мүше барлық мемлекет үшін аса маңызды деп есептеймін. Осыған байланысты Әзербайжаннан бірқатар халықаралық ақпараттық агенттіктердің өкілдері арнайы делегация құрамында келдік. Себебі бұл саммит түркі елдері арасындағы саяси, экономикалық және ақпараттық ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеретін маңызды алаңға айналып отыр.

Бүгінде әлемдегі геосаяси өзгерістер мен экономикалық үдерістер жаңа логистикалық бағыттардың маңызын арттырды. Осы ретте Орта дәлізді дамыту мәселесі ерекше назарда болуы керек деп ойлаймын. Бұл жоба тек Қазақстан немесе Әзербайжан үшін ғана емес, барлық түркі мемлекеттері үшін тиімді болмақ. Орта дәліздің кеңеюі халықаралық сауда айналымын күшейтіп, елдер арасындағы байланысты одан әрі нығайтады. Сондықтан Түркістандағы саммиттен күтеріміз көп және бұл жиын ірі экономикалық жобалардың бастамасына айналады деген сенімдемін.

Сонымен қатар саммит барысында жасыл энергетика, цифрландыру және заманауи технологиялар бағытындағы бастамаларға ерекше көңіл бөлініп отырғанын байқадық. Бұл болашақ үшін өте маңызды бағыттар. Түркі мемлекеттері осындай стратегиялық салаларда күш біріктірсек, өңірлік тұрақтылық пен экономикалық өсімге үлкен серпін береді деп ойлаймын. Жалпы, Түркістан саммитінің қорытындысында маңызды келісімдер қабылданып, түркі әлемінің ынтымақтастығын күшейтетін нақты шешімдер жүзеге асады деген сенім бар.

**Риззат ТАСЫМ,**  
саясаттанушы, қазақстандық даму институтының сарапшысы:

## РУХАНИ БАЙЛАНЫС ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОБАЛАРМЕН ҰШТАСТЫ



Бүгінде түркі мемлекеттері арасындағы ықпалдастықты тереңдету – стратегиялық маңызды жоғары мәселе. Түркі елдерінің ортақ тарихи, мәдени және рухани байланысы бүгінде нақты экономикалық жобалармен ұштасып келеді. Кейінгі жылдары Орта дәліздің маңызы артып, Қазақстан, Әзербайжан және Түркия арасындағы логистикалық байланыстардың нығаюы сауда көлемінің бірнеше есе өсуіне ықпал етті. Бұл түркі интеграциясының нақты нәтижесін көрсетеді. Мұнда, әсіресе цифрландыру мен жасанды интеллект бағытындағы ынтымақтастыққа ерекше мән берілуде. Қазір сауда айналымы, келендік

рәсімдер мен мәліметтер ағынының көлемі артып, оларды тиімді басқаруда цифрлық платформалардың рөлі күшейіп отыр. Жасанды интеллект деректерді саралап, әлсіз тұстарды анықтап, уақыт жоғалтпай тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Қазақстанның цифрландыру саласындағы тәжірибесі мен халықаралық рейтингтердегі жоғары көрсеткіштері бұл бағыттағы әлеуеттің зор екенін дәлелдейді.

Түркістанның түркі әлеміндегі орны да ерекше. Түркістан бүгінде рухани астана ретінде ғана емес, экономикалық және саяси маңызы артып келе жатқан орталыққа айналып отыр. Қалада халықаралық сауда хабтарының құрылуы мен инвестициялық жобалардың іске асуы алдағы уақытта Түркістанды түркі мемлекеттері арасындағы маңызды ықпалдастық алаңына айналдыруға негіз болады.

**Бауыржан ӘУКЕН,**  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының сарапшысы:

## ТҮРКІ ТАТУЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті Қазақстан мен түркі елдері арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеретін маңызды алаңға айналып отыр. Саммит тақырыбының жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және цифрлық экономикаға арналуы – бүгінгі әлемдегі күн тәртібінің ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл бағыттар былтыр Габала қаласында өткен саммитте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген бастамалардың заңды жалғасы деуге болады. Әсіресе, киберқауіпсіздік кеңесін құру және цифрлық экономиканы дамытуға қатысты ұсыныстар Саммитте нақты талқыланды.

Қазір әлемде геосаяси және экономикалық тұрақсыздық күшейіп, дәстүрлі сауда дәліздері өзгеріске ұшырап жатқан кезеңде Түркі мемлекеттері ұйымының рөлі арта түсуде. Бұл ретте Орта дәлізді дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Аталған бағыт Қазақстанның экспорттық әлеуетін кеңейтіп қана қоймай, еліміздің Шығыс пен Батысты байланыстыратын ірі көлік-логистикалық хаб ретіндегі орнын нығайтуға мүмкіндік береді. Саммиттің Түркістанда өтуі де символдық мәнге ие. Өйткені Түркістан – түркі дүниесінің рухани әрі мәдени орталығы.

Сонымен қатар саммит Қазақстан үшін халықаралық диалог алаңы ретінде де маңызды. Жасанды интеллект, цифрлық экономика және киберқауіпсіздік бағытындағы бастамалар тек Қазақстанның емес, жалпы түркі мемлекеттері мен Орталық Азия елдерінің цифрлық әлеуетін арттыруға серпін береді. Түркістанда жаңа нысандардың бой көтеруі, инфрақұрылымның жанаруы мен мәдени жобалардың жүзеге асуы қаланың беделін арттырып, оның түркі әлеміндегі тарихи орнын одан әрі бекемдей түседі.

# АЙМАҚ

19 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

## БАЛАЛАР ЛАГЕРІ: КҮЙРЕУ МЕН ҮМІТТІҢ АРАСЫНДАҒЫ САЛА

Елімізде жазғы демалыс жақындаған сайын ата-аналардың алаңдауы да арта түседі. Әр ата-ана балаларының денесін сауықтырып, жазғы демалысын қызықты әрі пайдалы өткізуге тырысатыны сөзсіз. Бұл орайда көпшіліктің көңіліне кірбің шалғызатын түйткілдің бірі – жазғы лагерьлердің жетіспеушілігі. Сонымен қатар лагерьлерде балалардың улануы, жарақаттануы секілді оқиғалары да жиілеп тұр. Үшіншіден, лагерьлердің бағасының қымбат екенін жасыра алмаймыз.

**А**бзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Статистикалық деректерге жүгінсек, соңғы 30 жылда еліміздегі балалар лагерьлерінің саны екі еседен астам қысқарған. 90-жылдардағы тоқырау тұсының өзінде 470-тен астам лагерь болса, бүгінде 200-ге жетер-жетпес қалды. Оның өзінде жыл бойы жұмыс істейтіні саусақпен санарлық. Ал басым бөлігі тек жаз мезгілінде ғана есігін айқара ашады. Бұл – жай қарапайым статистика ғана емес, ұлттың болашағына жасалып жатқан үнсіз қысым екені айтпаса да түсінікті.

### ҚАЗАҚ ЖҮЗІНДЕГІ КАМТУ МЕН ШЫНАЙЫ ЖАҒДАЙ

Бұл орайда тұтас әлем елдерін әсем табиғатымен таңдайын қақтырған Көкшетаудағы жазғы балалар лагерьлерінің жағдайы мүшкілдене бастағанын айта кетейік. Мәселен, бір кездері жүздеп саналатын лагерьлер қазір жаппай қысқарған. Ресми деректерге сүйенсек, Ақмола облысында биыл 14 қана жазғы сауықтыру лагерьі жұмыс істемек. Оған қоса, 226 мектеп жанындағы алаңдар ашылады. Барлығы қосылып 132 мыңға жуық оқушыны камту жоспарланыпты.

Бірақ осы көрсеткіштердің артында іс жүзінде байқалмай көлеңкеде қалатын бір үлкен айла бар болып шықты. Сарапшылар атап өткендей, бұл есепке толыққанды лагерьлермен қатар, мектеп жанындағы қысқамерзімді алаңдар да енгізіліп кетеді. Ал туған жермен етене танысып, жұпар ауаны құшырлана жұтуға



мүмкіндік беретін табиғат аясындағы нағыз демалыс балалардың бар болғаны 5,7 пайызына ғана қолжетімді.

Балалар демалысы әлеуметтік маңызы бар сала болғанына қарамастан, жүйелі мемлекеттік қолдау іс жүзінде жоқтың қасына айналған. Бұрын ауыл балаларына мүмкіндік беріп келген бағдарламалар да қысқарып қалған. Мәселен, «Қазақстан халқына» қоры арқылы берілетін жолдамалар саны 20 мыңнан 10 мыңға, ал биыл небәрі 200 балаға дейін азайған болып шықты. Яғни, әлеуметтік теңсіздікті азайтудың орнына, керісінше терендетіп жатқанын айғақтап береді. Қала

баласы қандай да бір мүмкіндік тапқанымен, шалғайда жатқан ауыл баласы үшін жаз төрт қабырға мен шап басқан ауладан әрі аса алар емес.

Ресми фактілерге назар салсақ, 2026 жылдың I сәуірінен бастап лагерьлерді міндетті лицензиялау енгізілген. Қағаз жүзінде бұл дұрыс қадам екені даусыз. Бірақ іс жүзінде жүйе әлі дайын болмай шықты. Олай дейтіміз, 6 нормативтік-құқықтық актінің екеуі ғана келісілген. Қалғаны қайта қаралып жатыр. Яғни, заң бар болғанымен, бірақ оны жүзеге асыратын механизм жок. Нәтижесінде не болады? Тағы да бейберекет нарық. Тағы да сапасыз қызмет көрсететін,

бірақ тендерді «оп-онай» ұтып алатын «біркүндік» ұйымдардың қатары арта түседі.

Өкінішке қарай, еліміздің лагерьлердің басым бөлігі сонау кеңес заманынан қалған тозығы жеткен ғимараттар мен инфрақұрылымда ілдебайлап күн көруге мәжбүр. Ескі бөздей ыдырай тозған ғимараттар, ескірген асханалар, талапқа сай емес санитарлық жағдайлар – бұл әлі де көптеген лагерьлердің ашы шындағы. Саланың жілігін шағып, майын ішкен мамандардың пікірінше, лагерьлер жағдайы өз бетінше түзетуге қауқарлы емес.

– Бір ғана асхана жабдығын жанарту шамамен 20 миллион теңге тұрады. Ал мұндай инвестицияны мемлекет қолдамайтын жағдайда кәсіпкер қайдан алмақ? Сондықтан көп лагерь иелері таңдаудың алдында тұр. Не қарызға белшесінен батып лагерьді жанарту, не бизнесті түбегейлі жабу. Өкініштісі сол, көбі екіншісі таңдауға мәжбүр болып отыр, – дейді Қазақстанның балалар және жасөспірімдер туризмі мен демалысы республикалық ассоциациясының төрағасы Қайрат Сұлтанов.

### ТАЛАП КӨП, МҮМКІНДІК АЗ

Қазіргі талаптар бойынша лагерьлер бейнебақылаумен, күзетпен, дабыл жүйелерімен жабдықталуға тиіс. Бұл дұрыс екені түсінікті. Бірақ тағы да бір қайшылық бар. Бір жағынан, лагерь аумағы қоршалуы керек. Екінші жағынан, заң бойынша су айдындарына еркін қолжетімділік те сақталуға тиіс. Ал лагерьдің көбі көл жағасында орналасқан. Сонда балалар қауіпсіздігіне кім жауап бермек? Бұл сұраққа әлі нақты жауап жоқ.

Ең алаңдатарлық жайттардың бірі – бүгінде дейін лагерьлердің 75 пайызы интернетке қосылмаған. Яғни, кейбір лагерьлерде төтенше жағдайда ата-анамен де, жедел қызметпен де байланысу мүмкін

емес. Бұл XXI ғасырда ақылға сыймайтын жағдай екені айтпаса да түсінікті.

Сарапшылар ауыл мектептерінде қолданылып жүрген спутниктік интернетті жаз мезгілінде лагерьлерге беруді ұсынады. Бірақ бұл ұсыныс та іс жүзінде еш назарға ілінбестен сол күйі әлі қағаз жүзінде қалып отыр.

Түйткілдің түйінін тарқата әңгімелеген сала мамандары лагерьлердің жаппай жабылуына себепкер болған тағы бір аса маңызды мәселені атады. Елде лагерьлер туралы толыққанды мәлімет беретін бірыңғай ақпараттық платформа жоқ. Бұл бірінші кезекте балаларының қауіпсіздігіне алаңдайтын ата-аналар үшін аса үлкен тәуекел болары анық.

Мұндай жағдайдың кесірінен елдің әр қиырында заңсыз лагерьлер пайда бола бастаған. Бұрын мұндай оңдаған жағдай анықталған. Яғни, мемлекет бақылауды күшейтудің орнына ақпараттық вакуумға жол беріп қойған десек артық айтпаспыз.

Жазғы демалыс жөнінде айтқанда көп ата-ана баласын лагерьге жіберуге ең біріншіден қалта көтермейтінін айтады.

– Жазғы лагерьге балаларымызды жібергіміз келеді. Бірақ бағасын естігенде қалтамызға қарап үнсіз ғана іштен тынуға тура келеді. Жаз бойы баланың тек төрт қабырғаны күзетіп, аулаға шыққаннан басқа алданысы жоқ болатынын ойлағанда ішкенің ірің, жегенің желім болады. Бірақ отбасылық бюджеттен бұл максатқа қаражат бөлуге қалта көтермейді. Қаражат лагерь түгілі күнделікті қажеттіліктерден аспай қалады, – дейді Көкшетау қаласының тұрғыны Ғапура Райымбергенова.

### P.S.

**Қысқасы, Қазақстандағы балалар лагерьлері нарыққа тасталған әлеуметтік сала болып отыр. Мұнда талап бар, бірақ өкінішке қарай қолдау жоқ. Жауапкершілік болғанымен, іс жүзінде мүмкіндік жоқ. Егер мемлекет бұл саланы шын мәнінде маңызды деп санаса, кешенді реформа қажет болмақ. Ол үшін нақты қаржылық қолдау, инфрақұрылымды жанарту бағдарламасы, цифрландыру, әділ және түсінікті лицензиялау, бірыңғай ақпараттық платформа мен әлеуметтік топтарға арналған арнайы квоталар қажет. Олай болмаған жағдайда бүгінгі 5,7 пайыз ертең 3 пайызға да жетпей қалуы әбден мүмкін. Ал бұл – жай статистика емес. Бұл балалардың балалық шағы екенін естен шығарып алмаспақ екені деіміз.**

## ЖАСТАР ҚАУІПСІЗДІГІ – ЖАСЫРЫН МӘСЕЛЕ

Қызылордадағы «Болашақ» университеті жанындағы медициналық колледж жатақханасында болған студенттің қазасы қоғамда үлкен резонанс тудырды. Небәрі 16 жасында арман қуып, оқуға түскен жасөспірімнің өлімі жастар арасындағы әлімжеттік, тәрбие және білім беру ұйымдарындағы бақылау мәселесін қайтадан күн тәртібіне шығарды.

**А**Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Қапияда көз жұмған Нұрәулет Мырзалының медицина саласының маманы болу мақсатында қалаға келіп, колледждің I курс студенті атанған. Алайда қапияда болған қайғылы жағдай туыстарының ғана емес, барша қазақ елінің қабырғасын қайыстырып кетті. Нұрәулеттің туыстары жатақханада болған жағдайды жазатайым оқиға деп есептейді. Баланың қасақана жасалған қылмыстың құрбаны болғанын айтып, кінәлілердің әділ жазалануын талап етуде.

Бұл бірінші кезекте еліміздегі жатақханалардың бүгінгі күйі, жастар психологиясы және білім беру жүйесінің солқылдақ көрінісін байқатса керек. Ең алаңдатарлығы – қоғам белсенділері мен әлеуметтік желі қолданушылары осы оқу орнында бұған дейін де студент өлімі тіркелгенін айтып отыр. Яғни, оқу орнында қысқа уақыт ішінде бірнеше қайғылы жағдай болғанға ұқсайды.

Кейбір деректерге сәйкес, елімізде 600 мыңнан астам студент білім алады. Оның ішінде жатақханаға мұқтаж студент жастардың қатары әлі де сиремей тұр. Соған орай кейінгі жылдары мемлекет тарапынан жана жатақханалар салу ісі қарқынды жүргізілгенімен, ондағы қауіпсіздік пен тәрбие жұмысы қалыста қалып тұрғандай. Өйткені ресми статистикаға сүйенсек, кейінгі 5 жылда еліміздегі оқу орындарында және жатақханаларда тіркелген құқықбұзушылықтар саны азаймай отыр. Тағы бір деректерге сәйкес, көмелетке толма-

ғандар мен жастар арасында жасалатын құқықбұзушылықтың шамамен 12-15 пайызы көп жағдайда білім беру ұйымдарына жақын аумақта немесе жатақхана ішінде орын алатыны айтылады. Оның ішінде денсаулыққа қасақана зиян келтіру, бопсалау, қорқыту, әлімжеттік секілді фактілер жиі ұшырасады екен.

Кейінгі жылдары елімізде жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық бойынша оқиғалардың асқынып бара жатқаны жиі айтылады. Себебі көп жағдайда жастар құқықбұзушылық, өзінше қатысты әлімжеттік жасалғанын айтып, полицияға арыздануға намыстананды. Соның салдарынан қасақана жасалатын қылмыстың түбегейлі жолын кесу мүмкін болар емес.

### ӘЛІМЖЕТТІК МӘСЕЛЕСІ ӘЛІ ДЕ ӨЗЕКТІ

Кенес заманынан бері жастар арасындағы әлімжеттік жиі кездесетіні жасырын емес. Әсіресе, жатақханаларда жоғары курс студенттерінің төменгі курсқа қысым көрсетуі кенінен белең алып тұр. Оның ішінде ақша талап етуі, күш көрсетуі, өз ортасынан шеттетілуі сынды жайттарға түбегейлі тосқауыл қойылмай тұрғаны қынжылтады. «Болашақта» болған жасөспірімдердің басыздықтары соның айқын көрінісі еспетті.

Өз кезегінде құқық қорғау органынан аталмыш оқиға бойынша сұрап көрдік. Құзырлы орын тарапынан қайғылы жағдай негізінде қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдарын жүргізіп жатқанын мәлімдеп отыр.

– 8 мамырда алған дене жарақаттарының салдарынан 16 жастағы колледждің оқушысы қайтыс

болды. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды. Күдікті оқиға орнында ұсталып, сот санкциясымен қамалды. Қазір барлық қажетті тергеу әрекеттері жүргізілуде. Соның аясында оқиғаның куәгерлерінен жауап алынды. Сонымен қатар қылмыстық іс шеңберінде жәбірленуші тараптың барлық уәжі тексерілетін болады. Бұдан бөлек, көмелетке толмаған адамды қалағалауды жүзеге асыруға міндетті мекеме қызметкерінің өз міндеттерін тиісінше орындамауы дерегі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қылмыстық істерді тергеу барысы полиция департаментінің басшылығының ерекше бақылауында, – дейді бұл жөнінде Қызылорда полиция департаментінің баспасөз қызметінен.

Қазір «оқу орындары мен жатақханаларда қылмыстың алдын алу үшін қайтпек керек» деген заңды сұрақ көптің көкейін мазалап тұр. Психолог мамандардың пайымдауынша, жасөспірімдер мен жастар арасындағы әлімжеттік көп жағдайда әлсіз бақылаудың салдарынан туындап тұрғанын растайды. Бұл тұрғыда, бірінші кезекте, жатақханада тәрбиеші, психолог, комендант тарапынан жүйелі жұмыстар жүргізілуі қажеттілігі өздігінен сұранып тұр. Әйтпесе, мұндай тәртіпсіздіктің соңы психологиялық қысымнан бастап, физикалық зорлыққа дейін ұласуы мүмкін.

Қазірдің өзінде балғын ғұмырдың қазасынан кейін әлеуметтік желілерде көптеген пікірдің айтылып жатқанын байқауға болады. Осының өзі қоғамда әлімжеттікке қатысты мәселенің әлі де ұшығып тұрғанын аңғартқандай.

### ЖАТАҚХАНАДАҒЫ БАҚЫЛАУ ӘЛСІЗ БЕ?

Марқұмның ата-анасының айтуынша, қылмыс түн мезгілінде оқу орнының фитнес залында жоғары курс студенттер тарапынан болған әлімжеттіктен туындаған.



Тіпті, ауыр соққыдан қанға бөккен баланы дәлізде сүйреп, бөлмесіне апаруға әрекеттенгені де айтылады. Сол сәтте сұмдық жайттың куәсі болғандар жедел полиция шақыртырған. Әкесі дер уақытында жедел жәрдем шақырылса, ұлы аман қалар ма еді деген өкінішін жеткізіп отыр. Қиыны сол, фитнес залдың кіреберісіне бейнебақылау камералары орнатылғанымен, залда бақылау камерасы жоқ екені айтылады. Соның салдарынан балалар арасында нақты не жағдай болғанын дәл анықтау қиын.

Бұл жерде негізгі мәселе бейнебақылау жүйесінің әлсіздігіне келіп тіреледі. Осы орайда кейбір деректерге сәйкес, Қазақстандағы студенттік жатақханалардың шамамен 20 пайызында қауіпсіздік жүйесі толық орнатылмағаны айтылып жүр. Бұл да түнгі тәртіпсіздікке тосқауыл қоюға кері әсерін тигізеді сөзсіз.

Казір қайғылы жағдайдан кейін құқық қорғаушылар аяқтарынан тік тұрып, тиісті сақтық шараларын жүргізіп жатқанын мәлімдеп отыр. Бұл тұрғыда Қызылорда облысы полиция департаменті өңір көлемінде көмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейткенін жеткізді.

«Бүгінде облыстағы барлық білім беру ұйымдарына көмелетке толмағандар ісі жөніндегі аумақтық инспекторлар, учаскелік полиция инспекторлары және жедел

уәкілдер бекітілген. Ал олардың қызметін үйлестіруге басқарма мен бөлім басшылары жауапты болып тағайындалған. Мұндағы басты мақсат – жасөспірімдер арасында құқықтық сауаттылықты арттырып, «Зан мен тәртіп» қағидатын қалыптастыру.

Полиция қызметкерлері мектеп өкімшілігімен және сала мамандарымен бірлесіп отырып, оқушылар мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізуде. Кездесулерде буллинг, топтық төбелес, интернет қауіпсіздігі, зиянды әдеттердің алдын алу және түнгі мезгілде балалардың қараусыз жүруі секілді өзекті мәселелер кенінен қозғалады. Мұндай кездесулер жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында жауапкершілік сезімін арттыруға ықпал етуде.

Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында өңірде «Жасөспірім», «Демалыс», «Түнгі қаладағы балалар» атты жедел профилактикалық іс-шаралар да ұйымдастырылып келеді. Сонымен қатар «Түнгі қала» және «Квадрат» әдістері бойынша рейдтік жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Бұл іс-шараларға полиция қызметкерлерімен қатар, жергілікті атқарушы органдар мен білім беру саласының өкілдері де қатысады», – деді облыстық полиция департаментінен.

Негізінен, мұндай жұмыстар өңірде тұрақты түрде жүргізіліп

Е.ҚАБАН (ФОТОС)

19 МАМЫР 2026 | СЕЙСЕНБІ

# «Бояулар құпиясы»

## КӨРМЕСІ

ашылды

Алматы қаласындағы Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің Орталық көрме залында «Бояулар құпиясы» атты республикалық жас суретшілер байқауының қалалық кезеңінің көрмесі ашылды. Аталмыш көрмеде аудандық кезеңнен сүрінбей өткен 12-17 жас аралығындағы 120 оқушының туындылары қойылған.

естелікті бейнелеуіне мән беріледі. Сондай-ақ бағалау кезіндегі ең қатал ереже – жұмыстың баланың өз қолымен орындалуы. Қазылар алқасы кәсіби маманның қолтаңбасын бірден таниды. Сондықтан баланың кішігірім қателіктері болса да, оның өз бетінше жасаған еңбегі әлдеқайда жоғары бағаланады, – деді З. Сүлейменова.

16 жастағы Ерасыл Несіпбай қазір Алматы қаласында орналасқан №62 гимназияның 9-сыныбында оқиды.

Сонымен бірге бойындағы шығармашылық қабілетін дамытуды мақсат тұтқан ол Өнер мектебінде қатар білім алады. Ерасыл осыған дейін де бірнеше байқауда бағын сынап келе жатқан талапты оқушылардың бірі.

– Мен бұл байқауға ұзақ уақыт дайындалдым. Алдымен тақырыпқа сай идея іздеп, бірнеше эскиз сыздым. Бояулардың бір-бірімен үйлесім тауып, жарық пен көлеңкелі дұрыс түсіру үшін көп жаттықтым. Күнделікті 2-3 сағатымды осы суретке арнадым. Дайындық барысында атақты суретшілердің туындыларын зерттедім. Мен сурет салғанда музыка тыңдағанды жақсы көремін. Себебі әуеннің ырғағы маған бейнелерді елестетуге көмектеседі. Сондай-ақ оқыған ертегілерім мен кітаптарымдағы кейіпкерлер де менің қиялымды дамытады. Мен үшін ең маңыздысы – түстерді таңдау. Себебі бояулар арқылы мен өз көңіл күйімді жеткізе аламын, – деді Е. Несіпбай.

Кәсіби маман ретінде экспозицияда ұсынылған туындыларға баға берген Айсұлу Өскенбайқызы жас суретшілердің



жұмысынан ортақ тенденция байқалатынын айтады. Әсіресе, қатысушылардың сан түрлі бояуға толы суреттерінен бүгінгі қоғамның әлеуметтік және рухани бейнесін көруге болады.

– Балалар өз туындылары арқылы ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді, табиғатты қорғау мәселесін және адамзат арасындағы татулық пен бірлікті бейнелеген. Бұл қазіргі жас буынның қоғамдағы өзекті мәселелерге бейжай қарамай, оларды өнер арқылы жеткізе алатынын көрсетеді. Сонымен қатар экспозицияда ұсынылған туындылардан балалар мен жасөспірімдердің ұлттық құндылықтарға, табиғат пен адамгершілік тақырыптарына ерекше қызығушылық танытатынын байқадым. Көптеген туындыда туған жерге деген сүйіспеншілік, бейбітшілік пен мейірімділік идеялары көрініс тапқан. Кей балалардың шығармаларында заманауи көзқарас пен өзіндік стиль қалыптаса бастағаны байқалады, – деді Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің Орталық көрме залы бөлімінің жетекшісі, көрме кураторы Айсұлу Үсентаева.



**Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,**  
Алматы қаласы

Алматы қаласы Білім басқармасы мен «Өнер мектебі» КМҚК ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан экспозицияда акварель, кескіндеме, графика, пастель сынды әртүрлі техникада орындалған материалдар ұсынылады. «Өнер мектебі» КМҚК бейнелеу өнері бөлімінің меңгерушісі Зарина Сүлейменованың сөзінше, байқау аясында дарынды балаларды анықтау үшін белгілі суретшілер мен өнертанушылар тартылған.

– Біздің ең бірінші көздегеніміз – еліміздің түкпір-түкпіріндегі ерекше қабілеті бар балаларды табу. Байқауда балалар топтарға бөлініп, өз қатарластарының арасында бақ сынайды. Қазылар алқасы тек суреттің әдемілігіне емес, баланың қиялына, түстерді таңдау шеберлігіне және тақырыпты өзіндік көзқараспен аша білуіне баса назар аударады. Бала берілген тақырыпты қалай түсінді? Біз үшін шаблонды ойлаудан гөрі баланың өзіндік көзқарасы маңызды. Мысалы, тақырып туған жер туралы болса, жай ғана тау мен күнді емес, баланың өз ауылындағы ерекше бір сәтті немесе



## «БАЛА ШАҚТАН – БОЛАШАҚҚА»

15 мамыр күні Ұлттық академиялық кітапханада жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәуле Досжанның «Бала шақтан – болашаққа» атты ғұмырнаамалық-танымдық повесінің таныстырылымы өтті.



Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылған шара елордада өткен автор шығармашылығына арналған апталық аясында кездесулердің қорытындысы іспетті.

Алғашқы кездесу Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицейінде өтті. Кездесуден кейін жазушы Еуразия гуманитарлық институты жоғары колледжінде қонақта болды. Ал 14 мамыр күні Smart Technological School жекеметтік мектебінің оқушылары да қаламгер шығармашылығымен танысып, тағылымды ой-пікірлерге қанықты.

Жүздесу барысында қаламгер шығарманың жазылу идеясы жайында әңгімелеп, туынды кейіпкерінің тұлғалық қалыптасу кезеңдеріне кеңінен тоқталды.

Туындыда Қасым-Жомарт Кемелұлы Токаевтың балалық шағы, отбасылық тәлімі мен азаматтық тұлға ретінде қалыптасу кезеңдері жасөспірімдерге түсінікті, көркем әрі танымдық тілмен өріледі.

Кітапханада өткен жүздесуде Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлқенов онлайн форматта қатысып, кітаптың тәрбиелік маңызына айрықша тоқталып, автор еңбегіне жоғары баға берді. Сонымен қатар жиын барысында ғалымдар мен ақын-жазушылар сөз алып, қаламгердің шығармашылық ізденісіне ризашылықтарын білдірді.

Таныстырылымға зиялы қауым өкілдері, әдебиетсүйер қауым, студенттер, еліміздің көпшілік кітапханаларының басшылары (онлайн), ұстаздар мен оқушылар қатысты.

## «РОЗА БАҒЛАНОВА» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымында Роза Бағланова атындағы халықаралық вокалдық байқаудың гала-концерті өтті. Салтанатты кеште өнерпаздар мен байқау лауреаттары сахна төрінде өнер көрсетіп, жеңімпаздар марапатталды.



Байқаудың бас жүлдесі Медет Орынбаевқа табысты. Бірінші орынды Меруерт Желдібаева иеленсе, екінші орын Сәкен Алимхановқа бейімді. Үшінші орынды Эльвира Мамытова мен Аян Байжігіт бөлісті.

Кеш шымылдығы Халық қаһарманы Роза Бағланованың репертуарындағы әйгілі «Ах, Самара-городок» халық әнімен ашылды. Кешке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жәніс Ысқақова, Мәдениет саласының үздігі Перизат Тұрарова, халықаралық байқаулардың лауреаты Асылхан Шалқаров және өзге де «Қазақконцерт» әртістері қатысты.

I, II және III дәрежелі орын иегерлеріне дипломдар табысты, өзге

қатысушыларға сертификаттар берілді. Сонымен қатар Роза Бағланованың отбасы атынан Айназ Рахымзаев, Инна Троян, Мұхаллас Алиева және Гран-при иегері Медет Орынбаевқа арнайы сыйлықтар тарту етілді.

«Қазақконцерт» әртістері мен байқау лауреаттары көпшілікке мазмұнды бағдарлама ұсынды. Сахнада шырқалған әндер арқылы қатысушылардың орындаушылық шеберлігі паш етілді. Кеште Роза Бағланованың репертуарындағы тандаулы туындылар орындалып, әншінің мол шығармашылық мұрасы жас буынға кеңінен дәріптелді.

С.БЕГІМБАЙ

AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4738

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Өлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,